

ТҰРҒЫНДАР НЕГЕ НАРАЗЫ?

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ЖАППАЙ ЕГУ СӘУІРДЕ БАСТАЛАДЫ

6-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



ТАБИҒИ КЕЛБЕТ КЕРЕК

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
ЕЛБАСЫ – ҚР ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ:

«ТӘУЕЛСІЗДІК – ТАРИХТЫҢ ТОЛҚЫНЫНА ШАЙҚАЛМАЙ, УАҚЫТТЫҢ СОҚҚЫСЫН БАЙҚАМАЙ ӨЗ БЕТІНШЕ ТҰРАТЫН ТҰҒЫР ҒАНА ЕМЕС, ОНЫ ҚОЛДА ҰСТАП ТҰРАТЫН ТЕК ШАРБОЛАТТАЙ ШЫҢДАЛҒАН РУХ, НАРКЕСКЕН ЖАҢАШЫЛ МІНЕЗ, АРАЙЛЫ АҚ ТАҢ ҮШІН КҮРЕС. МІНЕ, МӘҢГІЛІК ЖАСАЙТЫН ЕЛДІҢ ӨМІРЛІК ҰСТАНАТЫН КЕПІЛІ – ОСЫ!»

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

№34-35 (4159)
Сенбі
27 наурыз
2021 жыл

Nur Sultan

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT



## «ҚҰНАНБАЙ» САХНАҒА ШЫҒАДЫ

**Бүгін, 27 наурыз – театр қызметкерлерінің кәсіби мерекесі.**

Сүйінші, құрметті өнерсүйер қауым!

Елордамыздағы Қаллеки театрында 29, 30, 31 наурыз күндері жазушы, мәдениеттанушы Таласбек Әсемқұловтың «Құнанбай» драмасының тұсаукесер қойылымы өтеді. Шығарманың қоюшы режиссері – Болат Ұзақов, қоюшы суретшісі – Қанат Мақсұтов. Басталуы: сағат 19.00.

**САНСӨЙЛЕМ**

ЕЛОРДАДА COVID-19 НАУҚАСТАРЫНА ҚОСЫМША

**300**

ТӨСЕК-ОРЫН АШЫЛАДЫ



# ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚАҒИДАТЫ

Nur Otan партиясы мен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ бастама көтеріп, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты депутаттарының, меценаттардың қолдауымен елордада Наурыз мерекесіне орай әлеуметтік жағынан аз қамтылған 2000 отбасыға азық-түлік себеттері тарту етілді. Жыл басынан бері «30 игі іс» шарасы аясында қайырымдылық жұмыстары жалғасын тауып келеді

2

## ТӨРТІНШІ ТОҚСАНДА ҚАЛАЙ ОҚИДЫ?

**Оқу жылының соңғы тоқсанында республиканың барлық өңірлерінде балалар саны 25 адамнан асырмай дәстүрлі форматта оқытуға рұқсат берілді. Бұл туралы еліміздің Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің жаңа қаулысында айтылды.**



Жаңа қаулыға сәйкес 2020-2021 оқу жылының төртінші тоқсанында барлық өңірде оқушылар саны 300-ге дейінгі мектептерде оқу дәстүрлі форматта өтеді. Қалалық және ауылдық мектептерде сыныптардағы балалар саны 25 адамнан аспауы тиіс. Сондай-ақ білім беру ұйымы әкімшілігінің шешімі бойынша сабақтан тыс уақытта 15 адамнан аспайтын топтарда оқушыларды жеке оқытуға болады. «Жасыл» және «сары» аймақтардағы мектептерде барлық сынып оқушылары аралас форматта оқыса, «қызыл» аймақтарда жалпы білім беретін мектептерде 1-5 сыныптар, халықаралық мектептерде 1-7 сыныптар аралас форматта оқиды. Мектеп бітіретін сыныптар (9, 11 (12) сыныптар ) аптасына алты күн пәндердің 70%-ын штаттық режимде, 30%-ын қашықтан аралас форматта оқытуға рұқсат етілді.

Айта кету керек, мектеп оқушыларының көктемгі демалысы 20-31 наурыз аралығында – 12 күнге созылады. 4-тоқсан сабағы 1 сәуірде басталады.



## КӨКТЕМДЕ ҚАЛЫҢ ҚАР БАСТЫ

«Биыл қыс біте ме?!» дейді аулада жүрген ақсақал, қалың қардың қарысын санап... Иә, көктем әлдеқашан келсе де айналаны аппақ қар құрсап тұр. Наурыз мейрамында қыстай болмаған боран тұрды. Қала көшелерінде көлік көрінбей, адамдар ақ ұлпаға оранды. Ауа райын болжаушылардың мәліметі бойынша, осы мезгілде осынша қар осыдан отыз жыл бұрын болған деседі.

3-БЕТ

**ЕЛОРДАЛЫҚ СОҒЫС АРДАГЕРЛЕРІНЕ 1 МИЛЛИОН ТЕҢГЕДЕН ҚОСЫМША КӨМЕК БЕРІЛЕДІ**

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ € EUR/KZT 499.9 $ USD/KZT 423.36 ₽ RUB/KZT 5.57 ¥ CNY/KZT 64.8

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo www.astana-akshamy.kz



# ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚАҒИДАТЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Азық-түлік себеттерінде макарон, ұн, жеміс-жидектер мен наурыз көжеге қажетті барлық өнімдер бар. Аталған сый-сияпат жалғызбасты зейнеткерлерге, ерекше қажеттілігі бар азаматтарға, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға таратылды.

«Жыл басынан бері «30 игі іс» шарасы аясында қайырымдылық жұмыстары жалғасын тауып келеді. Бүгін қаланың 4 ауданы бойынша көмекке мұқтаж жандарға азық-түлік себеттері таратылды. Індеттен аман-есен шығайық, болашақта мерекелерді республикалық деңгейде атап өтетін күнге де жетеміз. Қайырымдылық шарасы жалғасын табады. Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!» деді қала әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен.

Жасы тоқсанға таяған Нина Шкуропатова біраз жылдан бері жөндеу көрмеген жер үйде жалғыз тұрады екен. Кейуананың бұл шаңырағынан ешқайда көшкісі де келмейтін көрінеді. Зейнеткерлікке дейін есепші болып қызмет атқарыпты. Бүгінде жанында жанашыры болмаған соң, волонтерлерге арқа сүйейтінін айтады. Еріктілер әжейдің ауласын үйілген қар мен қоқыстан тазартып, көмек көрсетеді.

«Жақында 90 жасқа толамын. Жалғызбын, екі аптада бір рет волонтерлер үйіме келіп, қолдарынан келгенше көмектеседі. Балаларымның бәрі өз алдына үй болған. Бәрінің жоғары білімі бар, жағдайлары жақсы. Олар бақытты болса, мен бақыттымын. Бүгінгі сый үшін рақмет. Осылай өздеріңізбен әңгімелесудің өзі біраз күнге жетерлік қуаныш сыйлады» деді кейуана.

Бұл үйден кейін жұмыс тобы жалғызбасты зейнеткер Нина Шемельеваның үйіне барды. Оның балалары отбасыларымен Мәскеуде тұрады екен. Олар мұнда жиі келмесе де, анда-санда азық-түлік жіберіп, кейде ақшалай көмек көрсететін көрінеді. Нина әжей ұйымдастырушылар мен журналистер тобын ыстық бауырсақпен қарсы алды.

«Жасым 78-де. Наурыз мерекесін жыл сайын тойлаймын. Бірақ бүгінгі күн естен кетпестей болды. Мәселе азық-түлікте емес, көңілде. Мерекеде елеп-ескеріп келгендеріңізге алғысым шексіз. Үйіме қонаққа келетін жақындарым болмаса да, көршілерім бар. Бүгін олар үшін бауырсақ пісірдім. Кешке тәтті-дәмділерді дастарқанға қойып, шай ішеміз. Барша қазақстандықтарды бүгінгі мерекемен шын жүректен құттықтаймын. Халқымызға денсаулық пен береке-бірлік тілеймін» деді Нина Шемельева.

«Ұлыстың ұлы күні жаңашылдықтың бастауы саналады. Елдегі, қаладағы карантиндік шектеулерге байланысты мерекеде қайырымдылықпен айналысуды мақсат еттік. Игі іске қалалық мәслихат депутаттары, Nur Otan партиясының мүшелері, HalykBank өкілдері мен меценаттар мұрындық болды. Бұл шараны ұйымдастыруға бюджеттің қаржысы жұмсалған жоқ. Шаһарымыздың 1 миллион 200 мыңға жуық тұрғыны бар. Оның барлығын қамту мүмкін емес, сондықтан 2 000 мұқтаж отбасыға көмектестік. Енді басқа да меценаттар, белсенді азаматтар осы істі әрі қарай жалғастырса деген ойдамыз» деді Nur Otan партиясының Нұр-Сұлтан филиалы төрағасының бірінші орынбасары Дәулет Кәрібек.

## СҮБЕЛІ СӨЗ

**Жигули ДАЙРАБАЕВ, Қазақстан фермерлер қауымдастығының төрағасы:**

**«Жер шетелдіктерге берілмесін деп дабыл қағып жүргенде қазіргі жер пайдаланушылардың Қазақстан резиденттігінен шығып, шетел азаматтығын алып жатқанын байқамай қалдық. Өкінішке қарай, фактілер бар, жақын арада тиісті материалдарды комиссия назарына ұсынамыз. Шетел азаматтығын алып жатқандар қолда бар мыңдаған гектар жер телімдерін банкке кепілге қойып, қыруар ақша алып, кейін қайтара алмай, шетелге қашып кетпесіне кім кепіл? Заң кері күшіне ие бола алмайды деген кертартпалықты қойып, тиісті механизмдерді қарастырған абзал. Жер пайдаланушы заңды тұлғалардың құрылтайшыларының кім екенін, қай жердің азаматы екенін жердің нақты иесі – халық білуі шарт».**

(25.03.2021. Жер реформасы жөніндегі комиссияның бірінші отырысында айтқан сөзі).

# БАҒАНЫ БАҚЫЛАУДА ҰСТАУДЫ ТАПСЫРДЫ

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет басшысы Асқар Маминді қабылдады.**

Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, Премьер-министр Қазақстанда цифрлық платформа құру туралы Мемлекет басшысының берген тапсырмасының орындалу барысы жайында баяндады.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұқтаж азаматтарды сапалы баспанамен барынша қамтамасыз ету мақсатында Үкіметке «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын толыққанды іске асыруға қатысты проблемаларды шешуге ерекше назар аударуды тапсырды. Үкімет жергілікті маңызы бар жоғары сапалы жолдарды жөндеу және салу мәселелерімен айналысуы керек. Азаматтарға вакцина салуды ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз ету және биылғы белгіленген шекке (6 млн адам) қол жеткізу мәселесі де өзекті. Сондай-ақ Мемлекет басшысы Үкімет пен облыс әкімдеріне азық-түлік бағасының одан әрі өсуіне жол бермеу үшін бақылауды күшейтуді тапсырды.



# ЖЕР МӘСЕЛЕСІ ЖЕРІНЕ ЖЕТЕ МЕ?

**Жуырда Жер реформасы жөніндегі комиссияның алғашқы отырысы өтті. Онлайн форматтағы отырысқа өңірлерден – 44, орталықтан 31 адам қатысты. Басқосуда ауыл шаруашылығы алқаптарының игілігін халық қалай көреді деген сауалдың төңірегінде әңгіме өрбіді. Ата-бабаларымыз білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғаған қазақтың жеріне қатысты мәселеге түпкілікті нүкте қоятын кез келді. Содан шығар, қарапайым халықтың бар ықыласы, үміті, көңілі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен құрылған Жер реформасы жөніндегі комиссияның жұмысына ауып отыр. Өйткені осы комиссия 2021 жылдың соңында жерге қатысты мораторий аяқталғанша тиісті заңға енгізілетін ұсыныстарды дайындайды.**



tolen_tleubaev@mail.ru

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Бес жыл бұрын басталған жерге қатысты дау-дамайдан соң, биыл 25 ақпандағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында Президент Қ.Тоқаев мораторий жариялады. Сөйтіп, шетелдіктерге, азаматтығы жоқтарға, шетелдік үлесі бар қазақстандық компанияларға, халықаралық ұйымдарға жерді жалға беруге біржола тыйым салды. Жер шетелдіктермен некеде тұрғандарға да берілмейді. Алайда жерге қатысты әлі күнге дейін күрмеуі шешілмеген түйткілдер көп. Мәселен, жерді қазақстандықтарға жекеменшікке беру, ұзақ мерзімге жалға беру құқығын алу, әр адамға 10 сотық жер телімін беру сияқты мәйекті мәселелер өз шешімін тапқан жоқ. Отырыста ұтқыр ұсыныстар, орамды ойлар айтылды. Сөз тартысы әбден қызды. Десек те, комисия мүшелерінің көпшілігі жер мемлекеттің меншігінде қалу қажеттігін айтты.

Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров 2016-2020 жылдар аралығында жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде пайдаланылмай жатқан 15 миллионнан астам гектар ауыл шаруашылығы жерлері анықталғанын мәлімдеді. Оның бүгінде 11 миллион гектары ауыл шаруашылығы айналымына және мемлекет меншігіне алынған. Қалғаны сот органдары арқылы қайтарылып жатыр. Комиссия мүшелері ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді кейін нысаналы мақсатын ауыстырып үй-жай салып алатындар көбейгенін де айыптады. Ал заңда бұған тыйым салынбаған. Көп жер банктерде кепілдікте жатыр.

Алқалы жиында халыққа 10 сотық жер телімін беру мәселесі көтерілді. «10 сотық жер телімі бойынша Кодексте жазылған. Ұнай ма, ұнамай ма, беру керек, ол – Кодекс нормасы. Сондықтан бұл мәселеде барлығын ретке келтірген жөн» деді заңгер, Еуропалық құқық және адам құқығы талдау институтының директоры Марат Башимов. Бұл сауалға жауап берген Премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов көтерілген мәселе жан-жақты қаралатынын айтты. Ол 10 сотық жер телімін бөлуге қатысты ең алдымен тиісті жұмыстар атқарылуы керектігіне тоқталды. «Инфрақұрылымның өзін жүргізу үшін орта есеппен 4 трлн-нан аса қаражат керек. Сондықтан осының барлығын есептеуіміз керек. Бұл бағыттағы жұмыстар бір күнде шешілетін мәселе емес» деді Е.Тоғжанов.

Төменде алқалы жиындағы кейбір пікірлерді іріктеп беріп отырмыз.

***Ақылбек КҮРІШБАЕВ, ҚР Парламенті Сенатының депутаты:***

– Ең алдымен, бұл біздің геосаяси жағдайымызға байланысты. Ауыл шаруашылығы жерлерінің көлемі бойынша біз әлемде алтыншы орын аламыз, ал егістіктің алқаптары бойынша жан басына шаққанда Аустралиядан кейін екінші орындамыз. Басқаша айтқанда, бізде халық тығыздығы өте төмен. Сондықтан мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, біздің жер ресурстарымыздың жеке меншікте емес, тек қана мемлекеттік меншікте болғаны маңызды.

***Базарбек БАҚЫТЖАН, жер саласының заңгері:***

– Жерді банкке кепілге қоюға тыйым салу керек. Әкімдер үшін жер оңай олжаға айналды. Өйткені жерді бөлетін де, беретін де – солар. Салдарынан, ауыл шаруашылығы жерлерін құйтырқы жолмен жекеге өткізу деректері жиілеген. Құжатқа саяжай немесе бау-бақша деп көрсете салады. Сарапшылар мәселені реттеу жолын ұсынды.

***Мұхтар ТАЙЖАН, қоғам қайраткері:***

– Жер комитетінің күші әлсіз. Өйткені жергілікті жер инспекторлары әкімдерге бағынады. Әкімдер бір қолмен жерді бөледі де, екіншіден, оны өзі бақылап отырады. Бұл құрылымды Ауыл шаруашылығы министрлігінен шығарып, тікелей Президентке бағындырған дұрыс болады. Сонда ғана еліміздегі жер алқаптары бойынша тәртіп орнатылады деп үміттенемін.

***Айдос САРЫМ, Мәжіліс депутаты:***

– Көптеген мәселені тек қана интернетке, әлеуметтік желіге қарап айтып отырмыз ғой. Мүмкін ауқымды 1-2 сауалнама жүргізілсе... Ауыл шаруашылығы саласы мамандарының, фермерлердің арасында осындай сауалнама қамтылуы керек болар. Жалпы, осындай кешенді тақырыпта халықтың және ауылда тұрып жатқан азаматтардың, кәсіпкерлердің көзқарасы қандай? Біз қоғам ретінде жаңағыдай ауқымды мәселеге дайынбыз ба?

***Мұрат ӘБЕНОВ, қоғам қайраткері:***

– Қазақстан азаматтарына жекеменшікке ауыл шаруашылығы жерлерін беру – негізгі мәселелердің бірі. Жеке өзім ауыл шаруашылығы жерлерін жекеменшікке беруге қарсымын. Қарсы болатын себебім, азаматтардың 99 пайызы ауыл шаруашылығы жерлерін иеленбеген. Кезінде жер бөлінгенде басы-қасында болмаған, оған қызықпаған. Сол азаматтардың 99 пайызы жер мәселесіне араласуы тиіс. Көп елде жерді жалға беру нарығы бар. Жылдан-жылға бағасын белгілеп отырады және азаматтар жалға беру арқылы табыс тауып отыр. Меніңше, бұл – көп мемлекетте қолданыстағы тиімді жүйе. Бізге де соны пайдалануға болады.

**P.S. Екі сағатқа созылған жиында 60-қа жуық ұсыныс айтылды. Жұмыс тобының жетекшісі Е.Тоғжанов бұл ұсыныстардың 4 топта ашық талқыланатынын мәлім етті. Комиссия мүшелері әр аптаның сенбі күндері бас қосатын болып тарқасты.**

# СОҒЫС АРДАГЕРЛЕРІНЕ – БІР МИЛЛИОН ТЕҢГЕ

**Жеңіс күніне орай елордадағы Ұлы Отан соғысы майдангерлеріне 805 мың теңге көлемінде қосымша әлеуметтік көмек көрсету жоспарланып отыр. Бұл жөнінде Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия отырысында қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Сәуле Нұрғожина мәлімдеді.**

– Майдангерлерге негізгі көмек 67 айлық есептік көрсеткішті құрайды. 805 мың теңге – бұл қосымша көмек. Осылайша әр ардагер Жеңіс мерекесіне бір миллион теңге алады, сондай-ақ биыл Чернобыль атом электростансасы апатына 35 жыл толады. Осыған байланысты апат зардаптарын жоюға қатысқан Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындарына 75 мың теңге мөлшерінде қосымша әлеуметтік көмек көрсетіліп, барлығы 540 адам 101 мың теңгеден алады, – деді басқарма басшысы.



## ӘЛЕМ АСТАНАЛАРЫ



### ВЕНА

3D-принтерден «туылған» балық саудаға шығады. Бүгінде құрамы өсімдіктен тұратын етпен ешкімді таңқалдыру мүмкін емес. Енді балықты да принтерден басып шығаруға болады. Веналық Kronen Zeitung кәсіпорны ақсерке балығын табиғи және пайдалы деген 11 өнімнен, Голландияда өсетін балдыр сығындылары, Австрияның өсімдік майы, нидерландылық бұршақ тұқымдас ақуыздан жасайды. Компания ерекше әдіс арқылы шектен тыс балық аулауды тежеп, аквамәдениетті қалыптастыруды көздеп отыр. Сынақ ретінде өндірілген алғашқы ақсерке дәмі де көптің көңілінен шыққан. Арнайы 3D-принтермен балық басып шығару жаздың соңына жоспарланды.



### ТОКИО

Көктемнің белгісі саналатын сакураның бүр жаруын виртуалды тамашалауға болады. Сән үйі Токио мұнарасымен бірігіп, американдық дизайнер Кен Скоттың суреттеріне «толықтырылған шындық» тәжірибесінің көмегімен жан бітірді. 2 сәуірге дейін смартфоны бар кез келген адам Gucci Hanami сайтына кіріп, телефон экранында қалықтаған сакура күлтелерін тегін көру мүмкіндігіне ие болады. Жергілікті билік індеттің салдарынан саябақтарда карантин талаптарын күшейтіп, гүлдеген ағаштың түбіндегі дәстүр бойынша өтетін басқосуларға тыйым салды.



# ЖҮЗ ЖАСАҒАН ЖҮРЕК

**Кеше Нұр-Сұлтан қаласы Есіл ауданының әкімдігі елорданың құрметті тұрғыны, бұрынғы Қазақ КСР әлеуметтік қамсыздандыру министрінің орынбасары, КСРО Жоғарғы кеңесінің 3-ші шақырылымының депутаты қызметтерін атқарған қоғам қайраткері Күләш Әскееваны Наурыз мерекесімен құттықтады.**

karkynkktem@gmail.com

**Көктем ҚАРҚЫН**



Күләш Әскеева 1921 жылы 3 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданында дүниеге келген. Биыл жүз жылдық мерейтойын атап өткелі отырған абыз ана еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған. Ол партия қатарында нұсқаушы, бөлім меңгерушісі, аудандық партия комитетінің хатшысы, одан кейін облыстық, республикалық, одақ деңгейінде лауазымды қызметтер атқарды. 28 жасында Жоғарғы Кеңес депутаты болып сайланды. «Құрмет белгісі» және «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысындағы қажырлы еңбегі үшін» секілді мемлекеттік орден-медальдарының иегері атанды. Қазақ КСРО Жоғары Кеңесі президиумының алтын және күміс медаль иегері.

Біз келеді дегенді естіп ғасырмен құрдас Күләш апамыз медальдарын тағып, дайындалып отыр екен. Кейуананың 3 шөпшегі бар. Балалары мен немерелері ол кісінің барлық жағдайын жасап, денсаулығына ерекше күтіммен қарайтын көрінеді. Әжеміз жүз жасаудың құпиясы үлкендердің ақ батасын көп алғандығымнан шығар дейді. «Кезінде Жамбыл облысында қызмет етіп жүргенде ауылдар арасында әрлі-берлі көп жүретін едік. Сол кезде жолда кім кетіп бара жатса да көлігімізге салып алып, жеткізіп тастайтынбыз. Сонда үлкендер «Қалқам, дүние тұрғанша тұр» деп маған көп бата беретін еді. Сондай баталы сөздің арқасы шығар. Көзді ашып-жұмғанша осы жасқа келіппін. Балаларым да жалғыз тұрғанымды қаламай, өз қолдарына алды. Ұзақ жылдар бойы халық алдында адал қызмет еткенімді бағалап, мекемелер де құттықтап тұрады» деді Күләш Әскеева.

Балаларының айтуынша Күләш Әскейқызы әлі де газет пен журнал оқып, жаңалықтарды да қалт жібермейді. Еліміздің осы деңгейге жетіп, гүлденіп жатқаны ғасыр жасаған әжеміз үшін үлкен мақтаныш екен.

# ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ МІНДЕТ

**Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Үкіметтік емес ұйымдар, сарапшылар қауымдастығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға қатысуын кеңейту» әлеуметтік жобасы аясында онлайн режимде семинар-кеңес өтті. Жиынды Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен ұйымдастырды.**



Онлайн кездесуге Nur Otan, ҚХП, «Ақ жол» партия өкілдері, мәслихат депутаттары, ҮЕҰ және «Атамекен» ҰКП өкілдері, «Adaldyk alany» жобалық кеңсесінің белсенділері, оқытушылар мен студенттер қатысты.

«Мемлекет басшысы өз Жолдауында «Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндет» деп атап өткен еді. Қазіргі заманның геосаяси жағдайында билік пен қоғам арасында диалог, яғни тұрақты байланыс арқылы ғана үйлесімді мемлекет құруға болады. Сондықтан біз ҮЕҰ рөлін нақтылай отырып, жалпы мемлекеттік маңызды міндеттерді талқылауға тартуымыз қажет» деді Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен.

Сарапшылық талқылауда Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Болат Тілепов сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекеттің міндеті екенін айтып, тұшымды пікір білдірді.

«Семинардың мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа азаматтық сектор өкілдерін тарту арқылы мемлекеттік қызмет көрсету саласында сыбайлас жемқорлық көріністеріне «мүлдем төзбеушілікті» қалыптастыру. Адамзат өміріне қауіп төндіретін төрт үлкен қасірет бар. Ол – соғыс, аштық, індет және жемқорлық. Сыбайлас жемқорлықтан келетін зауал тұтас халықтардың, ұлттың қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Әрине, онымен күрес – мемлекеттің міндеті. Бірақ бұл күрестің нәтижесі бірінші кезекте қоғамның ынта-жігеріне, әрбіріміздің ішкі мәдениетініміз бен ұстанымызға байланысты. Осы бағыттағы жұмыс Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ең маңызды міндеттерінің бірі» деді ол.

# КӨКТЕМДЕ ҚАЛЫҢ ҚАР БАСТЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Мереке күндері ауа райы күрт бұзылып, қала көшелеріне айлық нормадан бірнеше есе артық қар жауды. Коммуналдық қызметтер екі ауысымда үздіксіз жұмыс істеп жүр. Күн сайын қар күреу жұмысына 2 мыңға жуық коммуналдық қызметкер мен 1500 арнайы техника жұмылдырылады. Тосын мінез танытқан табиғат қарапайым халықпен бірге коммуналдық қызметкерлерді де әбігерге салуда.

Нұр-Сұлтан қаласында қар күреу жұмыстарын жүргізу кешкі және түнгі уақытта, екі ауысымда қарқынды жүргізіледі. Өткен түні қаладан 54 мың текше метрден астам, ал тәулігіне 111 мың текше метрден аса қар шығарылған екен.

Бірінші кезекте, ереже бойынша, жолдарда кептеліс болмауы үшін қозғалысы өте қарқынды учаскелер тазартылады. Одан әрі орташа қарқынды учаскелер – алаңдар, вокзал маңындағы аумақтар, тротуарлар және т.б. аумақтардың қары күреледі.

Елордалық құтқарушылардың күшімен осы уақытқа дейін 18 адам, оның ішінде 2 бала құтқарылды, сондай-ақ 5 бірлік техника сақталды. Жиналған қар елордадағы 11 полигонға шығарылып жатыр. Полигондарда бақылау үшін фото және бейнекамералар орнатылған. Жалпы, қыс мезгілі басталғаннан бері қаладан 4 774 244 текше метр қар шығарылған екен.



Ал бүгін елордада көшпелі бұлт шығады, күндіз жаңбыр аралас қар жауып, көктайғақ болады деп жазады «Қазгидромет» өз хабарламасында. Оңтүстік-батыстан 9-14 м/с жылдамдықпен жел соғады, ауа температурасы түнде -6-8 градус, күндіз 1-3 градус жылы болады.

# «ЖЕР САҒАТЫ» АТАП ӨТІЛЕДІ

**Елордалық «QazExpoCongress» Ұлттық компаниясы Халықаралық «Жер сағаты» акциясына қосылады. Шараны қолдау аясында NUR ALEM болашақ энергиясы мұражайының медиа қасбеті тура бір сағатқа өшіріледі. Сонымен қатар қаладағы 150-ден аса нысан электр қуатынан ажыратылады.**

Бүгін сағат 20.30-да «Жер сағаты» экологиялық акциясы аясында ең әйгілі ғимараттардың сыртқы жарықтандыру шамдары өшіріледі. Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы – Ақорда, «Бәйтерек» монументі, «Қазақ елі» монументі, «Мәңгілік Ел» салтанатты қақпасы, «Әзірет Сұлтан» мешіті, Ұлттық музей, Тәуелсіздік сарайы, Бейбітшілік және келісім сарайы, астанамыздың ең көрікті ғимараттарының бірі – NUR ALEM болашақ энергиясы мұражайы және басқа да еңселі ғимараттардың қасбеті жарықтандырусыз қалады.

## КУАЛА-ЛУМПУР

Малайзия билігі COVID-19 вакцинациясынан кейін ауруханаға түскендерге 50 мың ринггит (12 мың АҚШ доллары, яғни бес миллион елу екі мың төрт теңге, сегіз тиын) төлеу туралы заң қабылдады. Бұл туралы елдің денсаулық сақтау министрі Адхам Баба хабарлады. Аталған қаражат екпе алушыдан ұзақ уақыт ауруханаға жатуды қажет ететін жанама әсерлер анықталғанда ғана беріледі. Мүгедектікке душар болып немесе қайтыс болған жағдайда оның мөлшері 10 есе артады. Осы мақсатта жергілікті үкімет 2,4 миллион доллар көлемінде арнайы қор құрған. Малайзиялықтар AstraZeneca өндірген вакцинаны қабылдауда.



## ХАНОЙ

Вьетнам астанасында карантин талаптары жеңілдеді. Бұқаралық іс-шараларды өткізуге рұқсат етіліп, караоке клубтар, барлар мен көңіл көтеру орындары жұмысын жандандырды. Конференциялар, көрмелер мен форумдар ұйымдастыруға шектеу алынып тасталды. Десе де, тұрғындар аталмыш орындарда барлық санитарлық талаптарды сақтауы тиіс. Шаһарда 35 күннен бері коронавирус жұқтырған бірде-бір жағдай тіркелмеген.

## ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

**– Елордада 10 жылдан бері пәтер жалдап тұрамын. Үй кезегінде тұрғаныма 7 жыл толып отыр. Басыбайлы баспанама кіретін уақытты күте-күте қыздарым бой жетіп, ұлым үйленетін болды. Асыға күткен күннің ауылы алыс сияқты. Себебі кезек жылжитын емес. Бас қалада тұрғын үй жайы қашан да өзекті, әрине. Десе де, жеңілдікпен салынатын баспаналар мәселесін тезірек шешудің жолдары қарастырыла ма?**

**Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:**

*– Тұрғын үй мәселесі – басым бағыт. Жақында ғана ірі жетекші құрылыс компаниялары және Отбасы банкімен (тұрғын үй құрылыс жинақ банкі) бірлесіп, жеңілдікпен берілетін қолжетімді тұрғын үй салу туралы меморандумға қол қойдық. Олардың қатарында Bazis-A, BI-group, G-park, ҰАК және басқа да құрылыс компаниялары бар. Бұл келісім белгіленген баға бойынша 8 мыңнан аса жеңілдікпен берілетін пәтер салуға мүмкіндік береді. Бұл – 500 мың шаршы метрден астам тұрғын үй! Қолжетімді әлеуметтік тұрғын үйге 160 млрд теңгеден аса инвестиция тартылады. Аталған тұрғын үйлер кезекте тұрған Отбасы банкінде шоттары бар азаматтарға арналған.*

*Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес қолжетімді жеңілдікті тұрғын үй құрылысы көлемін ұлғайту бойынша жұмыс жүргізіп жатырмыз. Мысалы, 2018 жылы 1100 әлеуметтік пәтер, 2019 жылы 2900 баспана салынса, 2020 жылы 7 мыңнан астам әлеуметтік үй салынды. Биыл бұл көрсеткішті 10 мың пәтерге дейін ұлғайтуды жоспарлап отырмыз.*

## АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

**Айдай ТҰРҒЫНБАЕВА, елорда тұрғыны:**

**– Астанада азық-түлік бағасы қымбаттап барады. Әсіресе, сұйық майдың құны шарықтап кеткен. Тауық еті мен жұмыртқа да қымбаттаған. Өткен жылдары базарларда баға төмен болады деп барушы едік, қазір одан да үміт аз. Жекеменшік балабақшада тәрбиеші болып қызмет істеймін. Мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы өссе, бірден азық-түлік бағасы артады. Ал біздің жағдайымызды кім түсінеді, мұны реттеуге бола ма?!**

***Бұл сұраққа Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының жауабын ұсынамыз:***

– Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру үшін бірқатар жұмыстар атқарылуда. Жақында «Әсем», «Әлем», «Шапағат», «Биг Шанхай» және «Шарын» азық-түлік базарларының өкілдерімен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 19 түріне шекті сауда үстемесін орнату туралы келіссөз жүргіздік. «Magnum», «Small», «Аян», «Астықжан», «Кеңмарт» сынды әлеуметтік маңызы бар тауарлардың 18 түрін төмендетілген бағамен сатуға мүмкіндік берді. «Ақмол» дүкендерінде 2021 жылдың желтоқсанына дейін 10 тауардың (сүт, айран, тауық еті, сүзбе және т.б.) бағасы бекітілді. «Магнум» сауда желісінде 16 позицияның (сүт, айран, тауық еті, сүзбе және т. б.) бағасы, «Аян», «Астықжан» және «Кеңмарт» дүкендерінде күнбағыс майының 2 түрі («Лето», «Хозяюшка») 460 тг/л бағада сатылады. «Магнум», «Астықжан», «Вкус март», «Метро» желілерінде күріш 245 тг/кг бағада және қарақұмық жармасы 330 тг/кг бағада саудаланады. Көкөніс өнімдері 6 нысанда («Шапағат», «Рахмет», «Вкус Март», «Анвар», «Астықжан» және «AQMOL») қала бойынша бекітілген төмен бағалармен сатылады. Картоп – 89 тг/кг, қырыққабат – 90 тг/кг, пияз – 80 тг/кг, сәбіз – 77 тг/кг.



## АСТАНА АУДАНЫ

Сарыарқа ауданындағы 6 кәсіпкерлік нысанның заңсыз жұмыс істегені анықталды.



Карантиндік шектеулерге қарамастан «Гаухартас» мейрамханасы түнде жұмыс істеген. Рейд кезінде мейрамхана әкімшілігі келушілерді артқы есіктен кіргізіп, жасырын қызмет көрсеткені белгілі болды. Сонымен қатар тексеру кезінде мекемеде 110 адам болғаны да анықталды. Бұл ғана емес, сағат 00:00-ден кейін «Дольче» караоке бары мен «Хива» мейрамханасы да толығымен жұмыс істеген. Карантиндік шектеулерді өрескел бұзған кәсіпкерлік нысандар қатарында «Шербет», «Sky Smoke», «Нирвана» түнгі клубы да бар.

10 наурыздан бастап Нұр-Сұлтан қаласы эпидемиологиялық жағдайды бағалау бойынша «қызыл аймақта» екені белгілі. Сондықтан карантин режимін бұзу фактілерін анықтау бойынша мобильді топтар күн сайын рейд жүргізеді.

# ТҰРҒЫНДАР НЕГЕ НАРАЗЫ?

**Елорданың Есіл ауданындағы Мәңгілік ел және Қабанбай батыр көшелерінің қиылысында орналасқан көпқабатты үйлердің тұрғындары жылу құнының қымбаттығына наразы. Олар егер автономды жылыту жүйесінің бағасы төмендемесе, қала әкімдігінің алдына барудан басқа амалымыз жоқ дейді.**



bi_barys01@mail.ru
Дәулет АСАУОВ

Жұрттың айтуынша, тұрғын үй кешеніндегі жылу бағасы қаладағы орташа тарифтен 7-8 есе жоғары. Сондықтан табыстарының едәуір бөлігін коммуналдық қызмет төлемі жұтып қояды. Бұл үйлерді пайдалануға бергелі 5-6 жылдың жүзі болыпты.

Алғашында «Жасыл белдеу» іргесіне көшіп келгендер қатты қуанған еді. Алайда 2019 жылы жағдай күрт өзгеріп, автономды жылыту жүйесінің бағасы шарықтап кетті. Шаршы метрі үшін шамамен 500 теңгеге дейін барады.

– Енді болмаса, біз Есіл ауданы әкімдігінің алдына шығамыз. Мен зейнеткермін. Жұмыс істейтін жалғыз жолдасым. Ол да 1-2 жылда зейнеткерлікке шығады. Сонда бізді кім асырайды? Тапқан табысымыздың бәрі жылуға кетіп жатса. Тамағымыз қайда қалады біздің?! – дейді қала тұрғыны Шолпан Жұматаева.

Зейнеткер Хайролла Егінбаевтың 1 бөлмелі пәтері бар. Ауданы – 33 шаршы метр. Тек жылудың өзіне ай сайын шамамен 27 мың теңге төлейді. Жаз мезгілінде ыстық су бағасы жоғары. Коммуналдық қызмет ақысын уақытылы төлеп тұрсам да, айыппұл келе береді дейді ол.

– Маған тек жылуға 26 мың 361 теңге келіп тұр. Басқасы бөлек. Барлығын қосқанда – 41 мың 394 теңге 55 тиын. Бұл не деген сұмдық? – деді Хайролла Егінбаев.



Қымбатшылық себебін білу үшін тұрғын үй кешеніне қызмет көрсетуші еншілес компанияға хабарластық. Қызмет көрсетуші компанияның директоры Анатолий Постников мән-жайды былай түсіндірді:

– Жылуға кететін шығынды біздің компания алғашқы жылдары 50 пайыз, кейін 30 пайыз көлемінде демеуқаржы есебінен жауып келді. 2019 жылдың мамыр айында демеуқаржы бөлу тоқтатылып, тұрғын үйлер мен 4 қазандық кондоминиумға, яғни тұрғындардың ортақ меншігіне тапсырылды. Қазіргі таңда компаниямыз тек операторлық қызмет атқарады, – деді ол.

Сондай-ақ үйлерді жылыту үшін сұйытылған газды «Жігергаз» ЖШС-нан тоннасын 95-120 мың теңгеге сатып алатын көрінеді. Құны әр мезгілде ауа райына және нарықтағы бағаға байланысты өзгеріп отырады.

Анатолий Постниковтың айтуынша, коммуналдық қызмет ақысына газ құнымен қатар, отынды жеткізу және қазандықтардың жұмысын қадағалау бағасы да кіреді. Сонымен қатар, тұрғындардың жалпы 26 млн теңгеден астам қарызы бар.

– Кез келген тұрғын үй кешенінде коммуналдық қызмет ақысын уақытылы төлейтіндер мен төлемейтіндер бар. Өкінішке қарай, соңғыларының кесірінен алғашқылары зардап шегеді. Мұнда да сол жағдай. Біздің компания оператор болғалы пайдаға кенеліп жатыр деп айта алмаймын. Егер қазіргі ахуал тұрғындардың көңілінен шықпай жатса, биылғы жылыту маусымынан кейін тұрғын үй кешеніне қызмет көрсетуден бас тартуымыз мүмкін, – деді Анатолий Постников.

Белсенділердің айтуынша, компания құжат жүзінде табиғи монополиялар реестрінде болмағанымен, іс жүзінде монополистік әрекетке баруда. Мәселен, жеке қазандығы жоқ Е-652 көшесіндегі 10, 14, 16 және Е-319 көшесіндегі 2Б тұрғын үйлерін қазандығы бар үйлердің жүйесіне қосқан. Осы жағдай бойынша іс сот қарауына жолданды. Нәтижесінде тұрғындар пайдасына шешіліп, қызмет көрсетуші компанияға 11 млн теңгеден астам айыппұл салынды. Бірақ қарсы тарап сот шешіміне апелляциялық шағым жолдады.

Сондай-ақ тұрғындар даулы төрт қазандықты қала балансына өткізу туралы Есіл ауданы әкімдігіне өтініш жазған. Ондағылар заң бойынша мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын қаланың коммуналдық меншігіндегі, әлеуметтік саладағы және мемлекеттік тұрғын үй қорындағы нысандардың автономдық қазандықтарын ғана өз бақылауына ала алады деп жауап берген.

– Бізде жалпы қаланың даму схемасы бойынша жылу беру жүйесінің екі түрі бар. Бұл – орталықтандырылған жылу жүйесін қамтитын аумақ және де оған кірмеген аумақ. Біз газдандыру жүйесі бойынша, яғни бес әлеуметтік бастама бойынша газ кіргізу жобасын қолға алдық. Аталған даулы тұрғын алаптардың қазандықтары газдандырудың екінші кезеңіне кіреді. Олар шамамен маусым айы кезінде мемлекеттік сараптамадан өткізіліп, артынша оның қорытындысы беріледі, – деді қалалық отын-энергетикалық ресурстар бөлімінің басшысы Мақсат Есмағұлов.

Одан кейін мердігерді анықтау бойынша конкурс жарияланады. Аталған жұмыс 2022-2023 жылдарға дейін жоспарланған. Бірінші тоқсанда сұйытылған газдың елдегі орташа құны тоннасы үшін шамамен 39 мың теңге болуы тиіс. Бұл бағаны былтыр жыл соңында Энергетика министрлігі бекіткен еді. Алайда 1 наурыздан бастап сұйық газ бағасын реттеу уақытша тоқтатылғанын ескерсек, автономды жылыту құнының алда қалай өзгерерін болжаудың өзі қиын.

# ЖАҢА ЖОБАЛАР ЖОСПАРЫ

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаттары алдағы кезекті сессияда қаралатын мәселелерді талқылап жатыр. Мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында алда іске асырылуы жоспарланған жобалар, соның ішінде жаңа алты мектептің құрылысы туралы тиісті жауапты мекемелер басшыларының есебі тыңдалды.**



amangali.kalzhan@mail.ru
Аманғали ҚАЛЖАНОВ

### СЕНІМДІ БАСҚАРУҒА НЕГЕ БЕРІЛДІ?

Қалалық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшының міндетін атқарушы Алмат Сейітқұловтың мәлімдеуінше, алда 13 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Қазір бұл жобалар іске асырудың әртүрлі кезеңдерінде тұр.

Сондай жобаның бірі – шаһардағы гуманитарлық колледжді «Астана» халықаралық университетіне сенімді басқаруға беру. Мәслихат депутаты Бауыржан Жанқонақовтың пікірінше, «Астана» университетінің білім беру сапасы мен рейтингі өте төмен. «Солай бола тұра, бұл істе неге сүйеніп отырсыздар?» деген сұрақты қойды ол баяндамашыға.

А. Сейітқұлов университет колледж базасында гуманитарлық-педагогикалық академияны құрып, жаңа оқу корпусын салуды жоспарлап отырғанын айта келе, «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік принциптерінің бірі – конкурс өткізу. Соған сәйкес хабарландыру беріледі. Бәрі осы конкурс талаптарына сай атқарылады. Гуманитарлық колледжді сенімді басқаруға беру келісімшартына қол қойылды» деп жауап берді.

Мәслихат депутаты Талғат Нәрікбаев осы мәселе өз кезінде әлеуметтік желілерде қызу талқыланып, біраз пікірталас тудырғанын, бұл мәселені Мәжіліс депутаты Ирина Смирнова мен қоғам белсендісі Гүлбану Әбенова көтергенін еске алды.

– Қалаға педагог кадрлар керек. Соған қарамастан Білім басқармасы гуманитарлық колледжді неге сенімді басқаруға берді? Басқарманың өзі басқара алмады ма? Меніңше, бұл іс мекеменің қолынан келеді. Оның үстіне, жақында Білім басқармасының басшысы ауысты. Осы мәселе бойынша жаңа басшының пікірін білу қажет, – деді депутат.

### ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ КЕРЕК

Депутат Ерлан Сыдықов әріптесін қолдай отырып, қазір шаһарда жүзден аса оқу орны барын, таяу жылдары тағы 30 мектеп салу жоспарланып отырғанын айта келе, олардың бәрін мұғалімдермен қамту жайы ескерілмей отырғанын жеткізді.

– Болашақта педагог кадрларды қайдан аламыз? Осыны әлі ойланған жоқпыз. Гуманитарлық колледжді осы бастан неге педагогикалық университетке немесе педагогикалық институтқа айналдырмасқа? Қазір Нұр-Сұлтанға ең керек болып отырғаны – педагогикалық институт. Онсыз білім сапасын көтере алмаймыз. Немесе арнайы жер бөліп, педагогикалық университет салынуы керек, – деді Е. Сыдықов.

Білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Шәкәрім Сейсенбай депутаттармен келісе отырып, гуманитарлық колледж бұрыннан мұғалімдерді даярлап келе жатқанын айтты. Оқу орнын сенімді басқаруға алған «Астана» университеті басшылығымен алда кездесу ұйымдастырып, мәселені талқылауды ұсынды.

– Басқарма қазірдің өзінде осы колледж мәселесін зерттеп жатыр, – деді Ш.Сейсенбай.

### «ҚАЗАҚСТАН» СПОРТ САРАЙЫ ҚАШАН ЖӨНДЕЛЕДІ?

Тағы бір жоба – Паралимпиадалық жаттығу орталығы мен «Тарлан» мұз айдыны аренасы. Бұл нысандарды «Каспий» жекеменшік дамыту орталығы он жылға сенімді басқаруға алған. Жобаның жалпы құны – 3,2 млрд теңге. Ал апатты жағдайдағы «Қазақстан» спорт сарайын жаңғырту – ұзаққа созылып бара жатқан жобалардың бірі.

– Алматы ауданында көп халық тұрады. Мұнда спорт нысандарына мұқтаждық бар. «Қазақстан» салынғалы бері бірде-бір рет жөнделмеген. Оның шатырынан су ағып, бассейіні істен шыққан. Тиісті тапсырма берілген соң, «Colosseo» компаниясы нысанды толық жаңғыртуды ұсынды. Қазір жобалық-сметалық құжаттамасы мемлекеттік сараптамадан өтіп жатыр. Биыл бұл компания жаңғырту жұмыстарын бастауды жоспарлап отыр, – деді А.Сейітқұлов.

Оның айтуынша, жаңғыртудан кейін спорт сарайының пайдалы көлемі ұлғайып, көрермендер отыратын орындықтар 6,5 мыңнан 7,5 мыңға көбейеді. Мұз айдынына арнайы төсеніш төсеп, концерттерді, баскетбол жарыстарын өткізуге мүмкіндік туады.




### АЛТЫ МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Елордада мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салынуы жоспарланған алты мектептің төртеуінің жобалық-сметалық құжаттамасына мемлекеттік сараптама жасалып, оң қорытынды шығарылды. Бұл туралы айтқан Құрылыс басқармасының басшысы Әрсен Жанғасқанов соған сәйкес 37,3 млрд теңгеге мемлекеттік міндеттеме қабылданғанын жеткізді.

– Мұғалімдер мен оқушыларға заманауи жағдай тудыру үшін мектептер жобасына кітапхана қоры, зертхана мен робототехника кабинеттері, коворкинг, кинозал және өзге де техникалық жарақтандыру кіреді, – деді Ә.Жанғасқанов.

Бір айта кетерлігі, жаңа мектептің әрқайсысы 2 мың оқушыға арналады. Бір мектеп құрылысына 7,6 млрд теңге жұмсалады. Педагог кадрларды инвестордың өзі тартады. Жаңа алты мектепке 2 мың мұғалімді жұмысқа қабылдау жоспарланып отыр. Директорлар Білім басқармасының келісімімен тағайындалады.

Қазір, әсіресе сол жағалауда, тұрғын үй кешендері құрылысы жүргізіліп жатқан аумақтарда мектептердің тапшылығы байқалып жатыр. Мектептерді жобалағанда бұл жағдай ескерілді. Сондықтан жаңа алты мектепті «Nova city», «Capital park», «Замзам», «Делюкс таун», «Жағалау» тұрғын үй кешендері маңайы мен Байтұрсынов көшесінде салу белгіленді.

Мәслихат депутаттары бір мектепті салуға қомақты қаржы жұмсалатынын айтып, оны арзандатуға болмай ма деп сұрады. Сөйтсе, қаржының біразы орта білім беру орындарын жарақтандыруға кетеді екен. Осы орайда депутат Ғабит Тәжімұратов неғұрлым арзан бағаға мектеп салуға ниетті инвесторлар барын, олар тек жер ала алмай жүргендерін жеткізді. Депутат Талғат Қожахметов мектептерге инженерлік желілер мен жолдарды салуды да қатар жүргізу керектігін айтты.



# СУ ТАСҚЫНЫНА САҚАДАЙ САЙ

**Нұр-Сұлтан қалалық әкімдігінде Төтенше жағдайлар департаменті Төтенше жағдайлардың алдын алу басқармасының басшысы Бауыржан Бейсенқанов елордадағы су тасқынына қарсы дайындық іс-шарасы туралы баспасөз мәслихатын өткізді.**

azamat_79@bk.ru
Азамат ЕСЕНЖОЛ

Биылғы 9 ақпанда елорда әкімдігінде «Нұр-Сұлтан қаласының аумағында көктемгі тасқын судың ағымдағы жай-күйі және оны өткізуге дайындық туралы» Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысы өткен еді. Сонымен бірге 12 ақпанда ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі «Орталық және жергілікті атқарушы органдардың 2021 жылғы су тасқыны қаупі кезеңіне дайындығы» туралы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияның отырысы өтті. Осы жиында су тасқынын алдын алуға байланысты бірқатар проблемалар көтерілді. Баспасөз мәслихатында Бауыржан Бейсенқанов осы отырыста айтылған өзекті мәселелерге мән беріліп, сол бойынша жұмыс жүргізіліп жатқандығын жеткізді.

– Міне, наурыз айы да түгесіліп қалды. Енді күн жылына бастайды. Осыған орай Төтенше жағдайлар департаменті мен Қазгидромет мекемесі бірлесіп, жоспар жасаған еді. Соның негізінде ақпан-наурыз айында елорданың төңірегіндегі, яғни 150 шақырым жерді аралап, қардың ылғалдылығын тексердік. Нәтижесінде ақпанда топырақтың қатуы 84 см құрады. Бұл көрсеткіш былтыр 66 см болған еді. Яғни, былтырға қарағанда топырақтың қатуы 30 пайызға артық болды. Сонымен бірге қардың ылғалдылығы өткен жылмен есептегенде, биыл 20-20 пайызға төмен, – деді басқарма басшысы.

Оның айтуынша, биыл қалада 29 су тасқыны қаупі бар учаскелер белгіленген. 2019-2020 жылдары мұндай орындар 37 болған. Қазіргі күні оның саны сегізге кеміген. Бүгінде осы қауіпті саналған орындарды қардан аршу, арықтарды тазалау жұмыстары қолға алынды. Сонымен қатар елордаға қыс мезгілі келгеннен бері бүгінге дейін қала аумағынан 1 355 518 мың $м^3$ қар шығарылған. Қалада 11 қар шығару полигоны бар, олардың ешқайсысы толмаған. Айта кетейік, былтыр осы кезде алты миллион қар шығарылыпты, яғни қар өткен жылға қарағанда биыл аз түскен көрінеді.

Бауыржан Бейсенқанов жиын барысында дайындық жұмыстарына да тоқталды.

– Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайларды алдын алу және жоюға арналған іс-қимыл жоспарын бекітті. Қазір осыған байланысты 663 жеке құрамдағы адам мен 185 техника сақадай сай дайын деуге болады. Сонымен бірге қаланың коммуналдық қызметінен 190 адам мен 138 техника бөлінді. Осы 4-5 наурызда Төтенше жағдайлар министрлігі республикалық деңгейде көктемгі су тасқынына байланысты оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізді, сонда күш құрылымдары тағы бір тексерілуден өтті, – деді ол.

Сондай-ақ су тасқынының алдын алу және салдарын жою үшін «Астана Тазалық» ЖШС базасында 12,6 тонна инертті материалдар қоры мен 3,5 мың қап әзірленді. «Астана-Энергия» АҚ 294 060 тонна көмір мен 6 756 тонна мазут қорын дайындады. Қалаға азық-түлік жеткізу бойынша 3 меморандум жасалды. Төтенше жағдайлар кезінде халықты қоныстандыру бойынша төрт қонақ үй мен жалпы саны 1500 адамға арналған 10 уақытша орналастыру пункті қалпына келтірілді.

# БҰҰ МІНБЕРІ ЖӘНЕ БЕЙБІТШІЛІК БАСТАМАЛАРЫ

**Егемендігін алған, дербес мемлекеттілігін әлемге жариялаған кез келген ел ең алдымен Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуға ұмтылады. Біздің ел де Тәуелсіздігін жариялаған күннен көп ұзатпай, 1992 жылдың 2 наурызында БҰҰ-ға мүше болған еді. Сол жылы маусымда әлемдік ұйымдағы тұрақты өкілдігіміз ашылды. Ал қыркүйек айында өткен БҰҰ Бас ассамблеясының 47-сессиясында Қазақстан Президенті қатысып, сөз сөйледі. Қазақ елінің атынан аса маңызды ұсыныстар жасады. Соның бірі – Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін шақыру жөніндегі ұсыныс.**

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ



Жалпы, 1992 жыл Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатын қалыптастыру тұрғысынан да ерекше жыл болды. Ашығын айту керек, бұған дейін дербес дипломатиялық саясаты, аса күрделі келіссөздер жүргізу тәжірибесі болмаған еді. Бірақ бәрін бастауға, жоқты жаңадан қалыптастыруға тура келді. Жаңа қалыптасып жатқан Қазақстан дипломатиясының алдында зор міндеттер тұрды. Соның бірі әрі бірегейі – ядролық қаруға байланысты келіссөздер. Біздің елде қуаты жағынан әлемде төртінші орын алатын ядролық қару арсеналының қалуы АҚШ сияқты ядролық державаларды алаңдатпай қоймайды. Сондықтан оған қатысты қабылданатын шешім Қазақстанның болашағын да айқындайтынын түсінген Нұрсұлтан Назарбаев ядролық қарудан бас тартуға шешім қабылдап, ол үшін алдымен атом қаруын ұстап отырған алпауыттардан қазақ елінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге кепілдік алу жөніндегі келіссөздерді бастады. Вашингтонда президент Джордж Бушпен кездесіп, аса күрделі келіссөздер жүргізді. Ақыры дегеніне жетті, ядролық алпауыттар Қазақстанның қауіпсіздігіне кепілдік беретін болды.

### БҰҰ МИССИЯСЫ

Біріккен Ұлттар Ұйымы 1945 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін халықаралық қатынастың бейбіт және қауіпсіз қалпын сақтау мақсатында құрылды. Ұйым бұл мақсатқа әскери-саяси жанжалдардың алдын алу, тараптардың татуласуына түрткі болу, бітімгершілік миссиясын орындау механизмдері арқылы қол жеткізеді. БҰҰ жанынан құрылған Қауіпсіздік Кеңесі – халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға жауапты маңызды орган. Ұйымның Бас Ассамблеясы мен Бас хатшысы, БҰҰ-ның басқа органдары осы жұмыста бірін-бірі өзара толықтырып отырады.

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БҰҰ ҚЫЗМЕТІ

БҰҰ-ның Қазақстандағы қызметі 1993 жылы басталды. 1992 жылғы 5 қазанда Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев пен сол кездегі БҰҰ Бас хатшысы Бутрос Бутрос Гали келісімге қол қойды. 2017 жылы БҰҰ-ның еліміздегі агенттіктері елордаға көшіп, Өңірлік агенттіктер Алматы қаласында қалды. Қазіргі уақытта БҰҰ-ның Қазақстандағы тұрақты үйлестірушісі болып Норимаса Шимомура қызмет етеді.

БҰҰ-ның еліміздегі қызмет тобы халықпен және Үкіметпен, сондай-ақ басқа да серіктестермен бірлесіп, халықтың барлық топтарының, әсіресе әлеуметтік осал тұрғындардың қолайлы және қауіпсіз өмір сүру мәселесін қарастырады. БҰҰ командасы экономикалық және әлеуметтік даму мен денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау, табиғи апат жағдайында көмек көрсету, тиімді басқару мен адам құқықтарын ілгерілету, гендерлік теңдік және әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту бойынша жұмыс істеуде. БҰҰ өз бағдарламасын әзірлеу мен іске асыру барысында Қазақстанның ұлттық мүддесі мен стратегиялық басымдықтарына сүйенеді.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев: «Қазақстан ядролық қаруланууды тежеуге, халықаралық лаңкестікке, діни экстремизмге, есірткі саудасы мен басқа да осы заманғы қатерлерге қарсы күреске жұмылған халықаралық ауқымды ынтымақтастықтың белсенді мүшесі болып келді және болып қала береді» деп Қазақстан халқына Жолдауында айқындады.

### БАСТАМАЛАР

Қазіргі уақытта Қазақстанда БҰҰ Даму бағдарламасы, ЮНИСЕФ Балалар Қоры, БҰҰ Жоғарғы комиссарының босқындар ісі жөніндегі басқармасы, Халықаралық еңбек ұйымы, Гуманитарлық мәселелер үйлестіру жөніндегі ББҰ басқармасы т.б. БҰҰ-ның 18 ұйымы бар. БҰҰ-ға мүшелік кезінде Қазақстан әр жылдарда жүзеге асырылған немесе іске асырылып жатқан мынадай бастамаларды: Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін шақырту; Орталық Азия экономикасы үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Арнайы Бағдарламасын құру; Арал және Семей сынды экологиялық апатты аймақтарды қалпына келтіру; 29 тамызды Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы күрес күні ретінде жариялау; 2010 және 2013-2022 жылдарын Халықаралық жыл және мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық онжылдығы ретінде жариялауды ұсынды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың терроризмге қарсы әрекет ету және БҰҰ-ның терроризмге қарсы бөлімдері және мүше мемлекеттермен күш қолданатын экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі бастамаларын іске асыру мақсатында Ұйымның іс-әрекетіне бастаманың негізгі постулаттарын қосу және оларды БҰҰ құжаттарында көрсету үшін жұмыс жүргізілуде.

# МЫСЫР – БІЛІМНІҢ ҚҰБЫЛАСЫ

**Ислам ғалымдары арасында тараған осындай сөз бар. Каир шаһарында «Екінші ұстаз Әбу Насыр әл-Фарабидің Ислам өркениетіне қосқан үлесі» тақырыбында халықаралық конференция өтті. Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы ресми сапармен Мысыр Араб Республикасына барып, осы конференцияға қатысты. Мысыр дегенде әлемге әйгілі, мың жылдан астам тарихы бар әл-Азһар университеті еріксіз еске түседі. Бас мүфти сапар барысында әл-Азһар университетінің шейхы, Бас имам Ахмет Тайыппен кездесті. Кездесуде екі елдің сан ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан рухани-тарихи байланысын нығайтудың маңыздылығы сөз болды.**

Басқосуда Наурызбай қажы Тағанұлы: «Қазақстан мен Мысыр арасында рухани, тарихи, мәдени байланыстар ғасырдан ғасырға жалғасып келеді. Бауырластық байланыстың нәтижесінде Қазақстанда Нұр-Мүбәрак Египет Ислам мәдениеті университеті салынды. Сіздің қолдауыңызбен Қазақстанға барған мысырлық ұстаздар студенттерімізге дәріс беріп, оқу-ағарту саласындағы жұмыстарымызға үлкен үлес қосуда. Сізге Қазақстан мұсылмандары атынан айрықша алғысымды жеткіземін» деді.

Бас мүфти әл-Азһар шейхына Қазақстанға бөлінетін білім гранты санын екі есеге көбейтуді ұсынды. Сонымен қатар елімізде салынатын Ислам академиясын, Ислам және теология кітапханасын классикалық діни кітаптармен қамтамасыз етудің маңыздылығын жеткізді. Ахмет Тайып бұл ұсынысты қолдайтынын, Қазақстан үшін бөлінетін білім гранты екі есеге ұлғаятынын мәлімдеді. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен әл-Азһар университеті арасында жасалған келісім бойынша жыл сайын қазақстандық имамдар үшін 25 білім гранты бөлінетін. Енді жыл сайын 50 имам әл-Азһар университетінде білімін жетілдірмек. әл-Азһар шейхы Ислам академиясы мен Ислам және теология кітапханасына қажетті классикалық бағыттағы кітаптарды жеткізіп беруге уәде етті.

әл-Азһар университетімен байланысты арттыру, Қазақстанға бөлінетін білім гранты санын көбейту – сапардың күн тәртібінде тұрған маңызды мәселенің бірі еді. Қазақстаннан барған делегацияны жылы қабылдаған Ахмет Тайып Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының ұсыныс-тілектерін қолдап, жылы шыраймен шығарып салды.

Сапар барысында Бас мүфти Каир қаласында өткен Ислам істері жөніндегі Жоғары кеңестің 31-інші халықаралық конференциясына қатысып, баяндама жасады. «Діндер мен мәдениеттер арасындағы диалог» тақырып аясында өткен басқосуда Наурызбай қажы Тағанұлы: «Сіздерге Сұлтан Бейбарыс бабамыздың туған өлкесі – Қазақстан мұсылмандары атынан сәлем жолдаймын. Мысыр астанасы Каир қаласындағы Сұлтан Бейбарыс атындағы мешіт екі елдің достық қарым-қатынасының рәмізі іспетті. Қазақстан жерінде кіндік қаны тамған Сұлтан Бейбарыс бабамыздың мұрасы Мысыр халқы үшін тарихи маңызды нысан болып саналады. Бұл – Мысырды мұсылман әлемінің орталығына айналдырған, Каирді Аббасид халифатының астанасына дейін көтерген бабамыздың дәуірінен мирасқа қалған тарихи ескерткіш. Тарихи нысан Мысырдың мұсылман әлеміндегі ерекше рөлін, Таяу Шығыстағы беделі мен абыройын асқақтата беретініне сенімдіміз» деп атап өтті.

Бас мүфти өз баяндамасында діндер мен мәдениеттер арасындағы диалогты нығайтудың маңыздылығына тоқталды. Ислам тарихынан белгілі, ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Мәдина қаласына қоныс аударып, мұсылмандықтың іргетасын қалаған сәтте «Мәдина конституциясын» қабылдады. «Осы құжатта Хақ Елшісі яһуди қауымымен келісімшарт жасап: «Яһудилердің діні – өздеріне тән, мұсылмандардың да діні – өздеріне тән» (25-бап) деген құқықтық норма бекітті. Біз бұдан өзге дін өкілдерімен ортақ келісім негізінде өмір сүру қажеттігін аңғарамыз» деді Бас мүфти. Ислам істері жөніндегі Жоғары кеңестің 31-інші халықаралық конференциясына 100-ден астам мұсылман мемлекеттерінің мүфтилері мен ғалымдары қатысты.

Сапардың жұмыс кестесіне сәйкес Мысырдың Уақып министрі Мұхтар Жұма қазақстандық делегацияны қабылдады. Кездесуде Бас мүфти Діни басқарма жанынан ашылған «Талаба» қауымдастығының Мысырдағы өкілдік жұмысын жандандыру мақсатында Каир қаласынан арнайы кеңсе ашуды ұсынды. ҚМДБ төрағасы қазақстандық студенттерге Діни басқарма тарапынан арнайы жауапты өкіл тағайындалғанын жеткізіп, осы бастамаға қолдау көрсету қажеттігіне айрықша тоқталды. Министр Мұхтар Жұма бұл бастамаға қолдау көрсететінін мәлімдеді. Тараптар бірлескен жобаларды жүзеге асыруға, кітап шығаруға келісті.

Делегация мүшелері Каирде оқып жатқан студенттермен кездесті. Мысырға Діни басқарма жолдамасымен барып, білім алып жатқан студенттер Бас мүфтиге көкейде жүрген сұрақтарын қойып, өтініш-тілектерін жеткізді.





Каир шаһарында «Екінші ұстаз Әбу Насыр әл-Фарабидің Ислам өркениетіне қосқан үлесі» тақырыбында халықаралық конференция өтті. Игі басқосу қос елдің мемлекеттік әнұранымен ашылды. Конференцияда баяндама жасаған Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы: «Баршаңызға Әбу Насыр әл-Фарабидің туған өлкесі, бауырлас Қазақстан халқының дұғай сәлемін жолдаймын. Өткен жылы біздің елде Отырар ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі – Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз», «Шығыстың Аристотелі» атанған ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби туралы зерттеу жұмыстары жүзеге асты. Бұл бағыттағы жұмыстар әлі де жалғасын табуда. Осы ретте мен мына мәселеге айрықша тоқталғым келеді. әл-Фарабидің көзқарасы бойынша, қарым-қатынас пен басқару ісіндегі ең басты мәселе – ақиқатқа жету, қайырымдылық пен игі амал жасау т.б. Бұл – ықыласты адамның ғана қолынан келетін іс. Себебі ғұлама бабамыз айтқандай, жүрегі кең, оқығаны мен тоқығаны тең адам даналық пен қайырымдылық үшін өмір сүреді. Алла Тағала баршамызға жақсы өмір сүруді нәсіп еткей. Әмин!» деді.

Конференция жұмысына қатысқан Қазақстанның Мысыр Араб Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі Қайрат Лама Шариф құттықтау сөзін жеткізді. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаев бейнеқұттықтау жолдады. Белгілі ғалым, фарабитанушы, академик Әбсаттар қажы Дербісәлі және әл-Азһар университетінің оқытушылары ғұлама мұрасы жайлы баяндама жасады.

Бүгінде Діни басқарма жолдамасы бойынша Каирде білім алып жатқан студент саны 200-ден асады. Болашақ имамдардың білімін, күнделікті тыныс-тіршілігінен хабар алып, оларға қажетті көмек көрсету – маңызды істің бірі. Осы мақсатта Бас мүфти Мысыр Араб Республикасына жасаған сапарында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Каирдегі жауапты өкілі ретінде бұрын имамдық қызмет атқарған Руслан Серғазиевті тағайындап, оны әл-Азһар университетінің шейхы, Бас имам Ахмет Тайыпқа таныстырды. Жауапты өкіл Діни басқарма жанынан ашылған «Талаба» қауымдастығының жұмысын үйлестіріп, діни білім алып жатқан қазақстандық студенттердің әлеуметтік мәселесін шешуге ықпал етеді. Сонымен қатар студенттер арасында дұрыс діни көзқарас қалыптастыруға атсалысады.

**Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ**



# «ШОК» БОЛДЫМ...

**Адамды есеңгірететіндей, таң қалдырып «шок» етіп, қоғамның санасын осы тәсілмен жаулап алу додаға түскеннің бәйгесіне айналған сияқты. Бүгінде адамның естігенінен, оқығанынан, көргенінен «шок» болмаса, бәрі бос болатын болды. Ақпарат кеңістігінде өткізгісі келгендер жазбаларына небір құйтырқы тақырыптарды қойып, дені дұрыс адамның басына келмейтін нәрсені ойлап тауып, қарапайым пенденің ақыл-есін қып-қызыл жанып тұрған шоққа айналдырып келеді.**

uaisova.a@mail.ru

**Айгүл УАЙСОВА**

Әсіресе, теледидар осы «шок» терапиясын жалау етіп желбіретуде. Олар салиқалы сұхбат, халықтың рухын көтеретін хабарларды түсіріп, тарихымызды түгендеп, халқымыздың құндылығын насихаттайтын асыл мұратынан басты қызметінен бас тартқандай. Ізгілікпен, іліммен, әділдікпен көрерменін жинамай, жұртты «шок» етіп, одан рейтинг жинап көрермендерінің санасын басқа жаққа бұрып әкетіп бара жатыр.

Көгілдір экран алғашқы кездері шаштасқан бойжеткендерді көрсетіп жұрттың жағасын ұстатты. Жақында «КТК» өзгенің төсегіне үңіліп елді түңілдірді. Бұл – қоғамның азғындалуының алды. Теледидар бірінші болып неге осы жолды таңдады? Оның астарында қазақы мәдениетімізді жоққа шығарып, аңдып отырған дұшпанға таба, досқа күлкі қылмақ па?

Жауырды жаба тоқудың дұрыс еместігін, журналист болған соң жақсы білеміз. Ел іші болған соң, әртүрлі жайттардың болатынын жоққа шығармаймыз. Бұрындары да болған. Бірақ, оны жалпы халықтың назарына салмайтын. Тіпті, жылы жауып қоюға келмесе, елден көшіріп жіберіп, қарасын батыратын. Жамандық өзімен кетсін дейтіні де осыдан.

Жоқ, қазаққа өші бардай тв әріптестеріміз жамандыққа үйретіп, ниетімізді бұзуға дайын. Мұны бір көрген «шок» болады, екінші бір нақұрыс «жөні» осы демесіне кім кепіл?! Бұл теледидардағы идеялық тоқырауды білдіреді. Қазақ теледидарларының адами, қазақи, тұжырымдамасын жасап, алға қоятын басымдықтарын анықтау керек. Даралқы әдістерін тыю керек. Көрменсіз қалмас үшін шок қылудың қажеті жоқ. Оның орнына жақсы дүниелермен жанымыздың жарасын емдеп, жақсылықтарға бастап, адам жүрегінің түкпірінде өшіп қалған үмітті неге оятпасқа? Егер ол тек рейтинг қууды ғана алға қойса, онда әу бастағы ізгілікке бастайтын қоғамның көзі мен құлағы дейтіндей негізгі мақсатынан ажырап қалады. Бар жамандығы өзімен кетсе жақсы ғой, азғындықтың, намыссыздықтың қыз-қыз қайнаған алаңына айналып, оны көрген жұрт шок болып жүр.

# КӨКТЕМДЕГІ ПЕССИМИСТІК СЦЕНАРИЙ

**Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты елдегі эпидахуалды болжау жөніндегі жұмыс тобының пессимистік сценарийі орындалып кетуге жақын. Бұған дейін ДСМ басшысы Алексей Цой пессимистік сценарий бойынша сәуір айында күніне вирус жұқтыратындар саны елде 1700 адамға жетеді деген еді. Қазірдің өзінде, яғни наурыздың аяғына жетпей-ақ тәулік сайын 1100 адамнан вирус анықталып отыр.**





ray77781@mail.ru
Райхан РАХМЕТОВА

**ҚАЗАҚСТАН – «САРЫ» АЙМАҚТА**

Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының ресми сайты жариялаған эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасына сәйкес Қазақстан – коронавирустың таралу көрсеткіші бойынша «сары» аймақта. Ал «қызыл» аймақта Атырау облысынан бөлек, Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары мен Батыс Қазақстан облысы бар. «Сары» аймақта Ақтөбе, Алматы, Қарағанды облыстары болса, қалған өңірлер – «жасыл» аймақта. Ел ішінде коронавирус жұқтырғандар саны 236200-ге жетті. Осыған орай, ауру саны ең көп екі бас қалада дертті одан әрі таратпау үшін өңірлік жедел штабтардың шешімі бойынша бірқатар шектеу шаралары қабылданды. Жалпы әлемде де коронавирусқа қатысты эпидемиологиялық жағдай мәз емес. Джонс Хопкинс университеті сайтындағы соңғы мәліметтерге сәйкес, әлем елдерінде коронавирус пандемия басталғалы 124124997 адамнан анықталды. Оның ішінде вирустан қайтыс болғандар саны 2733380 адамға жетті. Коронавирус ең көп тараған елдердің алғашқы бестігінде АҚШ, Бразилия, Үндістан, Ресей, Ұлыбритания тұр.

**ЕЛОРДАДА ЖАҒДАЙ ТҰРАҚСЫЗ**

Індет өршіген елорда – әлі де «қызыл» аймақта. Бұл туралы кеше брифингте Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратов мәлімдеді. Оның айтуынша, 14 наурыздан бастап ауру жұқтыру деңгейі 24 пайызға өскен. Мәселен, ақпан айында тәулік ішінде орта есеппен ауру жұқтырған 100 адам тіркелсе, 25 наурызда бұл көрсеткіш 230-ға дейін жеткен. Қазір күніне 150-ден 280-ге дейін жағдай тіркеледі. «Бүгінгі жағдай өткен жылғы жаздағы кезеңмен ұқсас болып отыр. Себебі наурыздың басынан бері 3754 науқас тіркелген, мұны былтырғы шілде айының басындағы көрсеткішке теңеуге болады» деді басқарма басшысы. Қазір елордадағы жұқпалы аурулар стационарында 480 адам емделіп жатыр, бұл – төсек-орынның 64 пайызы бос емес деген сөз. Жансақтау бөлімінде ем қабылдайтын науқастардың да саны артқан. Соңғы аптада сырқаттанушылық деңгейі алдыңғы аптамен салыстырғанда бірдей деңгейде, 100 мың тұрғынға шаққандағы қарқынды көрсеткіш 121,1-ді құрады. Репродуктивтілік саны – 0,92.

**ДӘРІГЕРЛЕР ЖҮКТЕМЕСІ ЕКІ ЕСЕ АРТТЫ**

Қайтадан күштің бәрі ақ халаттыларға түсті. Дерт асқынған сайын елордалық дәрігерлер мен барлық медицина қызметкерлері екі есе жүктемемен жұмыс істеп жатыр. Сол үшін бүгінде инфекциямен күреске 3700-ден астам медицина қызметкері тартылды. Жұқпалы аурулар стационарындағы жұмыс үшін құрылған кадрлық резерв те күннен-күнге толықтырылып отыр. Қалада дертпен күреске бағытталған 11 стационар болса, соның ішінде 10 инфекциялық, «Ramada Plaza» қонақүйі базасындағы бір карантиндік стационар бар. Қосымша үш ұйымның базасында 300 инфекциялық төсек-орын ашылмақ. Оларды Травматология және ортопедия институты базасында, Қорғаныс министрлігінің Бас әскери клиникалық ауруханасында және Отан соғысы мүгедектерінің орталық госпиталінде ашу қарастырылады. Аталған үш ұйым алдын ала дайындықтан, тексеруден өткізіліп, бүгінде жұмысқа кірісуге дайын. Індетпен күреске жұмылдырылған стационарлар басқа аурулары бар науқастарға медициналық көмек көрсетуге еш кедергі келтірмейді. Олар бұрынғыдай жоспарлы және шұғыл емдерін ала береді.

> Індет өршіген елорда – әлі де «қызыл» аймақта. Бұл туралы кеше брифингте Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратов мәлімдеді. Оның айтуынша, **14** наурыздан бастап ауру жұқтыру деңгейі **24** пайызға өскен. Мәселен, ақпан айында тәулік ішінде орта есеппен ауру жұқтырған **100** адам тіркелсе, **25** наурызда бұл көрсеткіш **230**-ға дейін жеткен. Қазір күніне **150**-ден **280**-ге дейін жағдай тіркеледі

**МЕЙРАМНАН КЕЙІН АСҚЫНДЫ**

Мерекеге сәйкес келген осы аптада науқастармен байланыста болғандар саны 10 пайызға өскен, яғни 500-ден 735 адамға дейін көбейген. Қала тұрғындарының карантин талаптарын, оның ішінде үй карантині режимін сақтамағандығының салдары – осы. Кеше брифингке қатысқан елорданың бас санитар дәрігері Сархат Бейсенова осылай деді. Демек, мейрамдардан кейін дерт асқына түсетіні тағы расталды. Мұндай жағдай жыл басында Жаңа жыл кезінде де болғаны есімізде. Оның себебі – халықтың жаппай көпшілік орындарда, сауда орындары мен базарларда өріп жүретіндігі. Коронавирус инфекциясын жұқтыру қаупінің жоғары болуына бұқаралық іс-шаралар – үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу және т. б. өткізілуі, қоғамдық көлікте алдын алу шараларының, сондай-ақ үй карантинінің сақталмауы да басты себеп.

**ЖАППАЙ ЕГУ СӘУІРДЕ БАСТАЛАДЫ**

Вакцинация басталғалы елордада барлығы 9988 адам екпе салдырды. Оның ішінде 4650 адам медицина қызметкерлері болса, 1799 адам – педагогтар. Қазіргі уақытта дәрігерлер, педагогтар, шұғыл қызметтер, әлеуметтік мекемелердің контингенті егіліп жатыр. Сонымен бірге созылмалы аурулары бар адамдарды вакциналау басталған еді. «Осы тұста түсініспеушілік туындап, тұтас халықты вакциналау басталып кетті деп ойлайтындар бар екен. Иә, біздің кейбір емханаларымыз вакциналауды бастады, бірақ бұл созылмалы аурулары бар адамдар ғана үшін, біз оларды бірінші вакциналауға тырысамыз» деді Т.Мұратов. Ал басқа халықты жаппай вакциналау сәуірдің екінші жартысында басталады. Елордада сол үшін алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 36 ұйымда бірінші және екінші компоненттерге арналған 2 вакцинация бөлмесі, вакцинациядан кейін пациентті бақылауға арналған күту бөлмелері тұрақты жұмыс істейді. Ол емханалар тоңазытқыш қондырғылары, вакциналарды қоймадан екпе салу мекемесіне тасымалдауға арналған термиялық контейнерлермен қамтамасыз етілген.

**ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕГІ ЖАУАПКЕРШІЛІК КІМДЕ?**

Көпшіліктің түсінбейтіні – барлық жерде талап етілетін санитарлық нормалар неге қоғамдық көліктерде сақталмайтындығы. Автобустарда адамдар маска таққанмен, әлеуметтік арақашықтық сақтап жатқан жоқ. Осы сұрақты кеше брифинг кезінде журналистер қаланың бас санитарына қойды.

– Қоғамдық көлікте маска тағу, арақашықтық сақтау туралы талаптар қаулыда бар. Автобустарға кіреберіске санитайзерлер қойылған. Автотасымалдаушы мекеме қызметкерлері осы қаулымен жақсы таныс. Барлық жауапкершілік – соларда. Көлікке маскасыз тұрғынды мінгізбеу немесе маска тағуын талап ету, ескерту – көлік жүргізушісі мен контролер міндеті. Біздің басқарманың қоғамдық көліктегі талаптардың қалай сақталатынын тексеруге заңды түрде құқығы жоқ, – деді С.Бейсенова.

Сонымен түсінгеніміз, қоғамдық көлікке қатысты талаптардың орындалуын олар осы тасымалды ұйымдастырушы кәсіпорындар қызметкерлері мен жалпы халықтың қоғам алдындағы ар ісіне салып отыр. Қолдан келер шараның бірі – жексенбі күндері қоғамдық көліктер жұмысын тоқтатып, сол күні барлық автобустарды толықтай зарарсыздандыру.

**ҚАЙ ЖАСТАҒЫЛАР КӨП АУЫРАДЫ?**

Елордада тұрғындардың жас шамасы бойынша 40-49 жастағы ересектер дертті көп жұқтырады екен. Олардың жалпы көрсеткіштегі үлесі – 23,9 пайыз. Одан кейінгі кезекте 50 және одан жоғары жастағылар жиі ауырады. Сондай-ақ 14 жасқа дейінгі балалар арасында 20,3 пайызы осы инфекцияға шалдығуға көбірек бейім. Негізінен, ең көп ауруға шалдығатындар – жұмыс істейтін адамдар. Олардың үлесі – 43 пайыз. Осы айда дерттің зейнеткерлер арасында 2 пайызға, оқушылар арасында 3,4 пайызға өскені байқалады. Жыл басынан бері елордада сырқаттанғандар саны 10 мыңнан асты, пандемия басталғалы 28941 жағдай тіркелді.

# ӨРТ СӨНДІРУШІЛЕРДІ НЕ АЛАҢДАТАДЫ?



**Нұр-Сұлтан сияқты бір миллионнан астам тұрғыны бар қалаларда тиісті талаптар бойынша отыз өрт сөндіру бөлімі болуы керек. Бірақ елордада қазір небәрі он екі осындай бөлім жұмыс істеп жатыр. Олардың өзінде бірқатар түйткілдер бар. Кеше қалалық мәслихат депутаттары соның бірнешеуіне барып, жағдайды өз көздерімен көрді.**

amangali.kalzhan@mail.ru
Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Қаланың өнеркәсіп аймағында орналасқан №16 өрт сөндіру бөлімі 1979 жылы салынған. Алайда нысанға ауызсу мен техникалық су әлі күнге дейін сырттан жеткізіледі. Кәріз жүйесі де жоқ. Тиісті желілер тартылған. Бірақ олар 3-ЖЭО (ТЭЦ) пайдалануға берілгеннен кейін ғана қаланың сумен қамту және кәріздің орталық жүйелеріне қосылады деп жоспарланып отыр.

Бөлімнің ішкі электр желілері де тозған. Оларды ауыстыру керек. Трансформатор қосалқы стансасы көршілес нысанның аумағында тұр. Мұны өрт сөндіру бөлімінің аумағына көшіру қажет. Себебі стансаның қазіргі орнына өндірістік ғимарат салынбақ.

Өрт сөндіру бөлімінен көлікпен шығу да бір мұң. Асфальт төселген жолға дейін 160 метр жүру керек. Өрт сөндірушілер киім ауыстырып, демалатын бөлме де бір жерде.

Осыған ұқсас жағдайды мәслихат депутаттары сол жағалаудағы №23 өрт сөндіру бекетінен де көрді. Бұл нысанның айналасында Тұңғыш Президент кітапханасы, «Тельман», «Заречный» тұрғын алаптарындағы «Адал-2» сынды жаңадан бой көтерген тұрғын үй кешендері, «Саранда» VIP-қалашығы орын тепкен. Өрт сөндіру бекеті көппәтерлі тұрғын үйлердің ортасында қалған. Қазір 1987 жылы салынған бұл нысанды сүру туралы мәселе көтеріліп жатыр. Бірақ Нұр-Сұлтан қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Қуанар Базарбаевтың пікірінше, оны сүруге болмайды. Себебі бұл аумақта құрылыс жұмыстары әлі де қарқынды жүргізіліп жатыр. Нысан сүрілетін болса, үлкен бір аумақ өрт сөндіру бөлімінсіз қалады.

«Сондықтан сүргеннің өзінде оның орнына жаңа шағындау келген өрт сөндіру бөлімін салу керек. Қазіргі орнындағы жер телiміне қызығушы кәсіпкерлер көп. Егер жер оларға берілсе, болашақта осы аумақта өрт сөндіру бөлімін салуға орын таба алмаймыз» дейді Қ.Базарбаев.

Оның пікірімен мәслихат депутаттары да келісті. Мәслихаттағы Nur Otan партиясы фракциясының төрағасы Владислав Сергеев бұл мәселені жоғары деңгейде көтеруге уәде берді.

Айтқандай, алда елордада тағы үш өрт сөндіру бөлімін салып, олардың санын он беске жеткізу жоспарланып отыр. Аталмыш мақсаттағы жаңа нысандар «Көктал», «Ильинка» тұрғын алаптарында және көптеген көппәтерлі үйлер бой көтеріп жатқан «Нұрлы жол» теміржол вокзалының аумағында салынбақ.

«Қазір қалада өрт сөндіру бөлімдерінің аздығынан төтенше жағдай туындаған жерге жеткенше уақыт жоғалтып жатамыз. Біз Нұр-Сұлтан қаласына ғана емес, Ақмола облысына қарайтын Жібек жолы, Қосшы, басқа да кенттерге барамыз. Жалпы қаланың айналасындағы елу шақырым аумаққа қызмет көрсетеміз. Негізі, өрт туындаған жағдайда бес минут ішінде жетуге тиістіміз. Бірақ баратын жер алыстау болғандықтан, 10-15 минут, тіпті одан көп уақыт кетіп жатады» дейді Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Қ.Базарбаев.

Депутаттар №5 және №4 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімдеріне де барды. Бұл нысандардың алдындағыларға қарағанда жағдайы жақсы. №5 бөлімде спортпен айналысуға барлық жағдайлар жасалған. Күніне мұндағы спорт кешеніне 100-150 қызметкер барады. Өрт сөндіру-құтқару спорты жолға қойылған. Қызметкерлер арасында осы спорт түрінен Қазақстан ұлттық құрамасы мүшелері де көп.

Ал №4 өрт сөндіру бөлімі ЭКСПО қалашығы аумағында орын тепкен. 2016 жылы халықаралық көрме қарсаңында бой көтерген нысан сол аумаққа қызмет көрсетеді. Депутаттар мұнда әр алуан техникамен танысты. Осы нысанда бір ғана мәселе бар. Қазір ол автономды қазандықпен жылытылып жатыр. Жылына 250 мың литр дизель отынын жағып, оған 37 млн теңгеден астам қаржы жұмсалады. Нысанға газ тарту керек. Сол кезде қаржы үш есе үнемделеді. Ал қазандықты газға көшіруге 52 млн теңгеден астам қаржы кетеді екен.

# ЖАҢА ЗАҢ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТҰСАУ САЛА МА?

**Білім саласында екі үлкен өзгеріс. Сенат депутаттары бірнеше маңызды жаңа нормаларды қамтитын заң жобасын қарастырып, мақұлдады. Енді мемлекеттік білім беру ұйымдарына педагогтар конкурс арқылы қабылданады. Сондай-ақ директорлардың бір орында өте ұзақ отыруына байланысты мәселе заңмен реттеліп жатыр. Бұл аталған заң жобасы білім беру жүйесіндегі жемқорлық пен тамыртаныстықты ауыздықтай ала ма?**

karkynkktem@gmail.com
Көктем ҚАРҚЫН

– Менің ойымша, бұл құжатта сала мамандары үшін аса маңызды болып табылатын екі ерекше норма бар. Соларға тоқталып өтейін: Біріншісі педагогтарға қатысты. Енді мемлекеттік білім беру ұйымдарына педагогтарды конкурс арқылы қабылдау енгізіледі. Яғни мұғалімді жұмысқа қабылдауға қатысты шешім тек директорларға тәуелді болмайды. Қазіргі таңда педагогтарды жұмысқа қабылдау бойынша қолданыстағы жүйе ашықтық қағидаттарына толығымен сай деп айтуға келмейді, сәйкесінше сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол берілуі мүмкін. Мәселен, кейбір өңірлерде бір пән бойынша бір ставканы төрт мұғалімге бөліп береді. Бұл өз кезегінде білім беру сапасына кері әсер етеді. Сондықтан мұндай фактілердің алдын алу үшін педагогтарды жұмысқа конкурс арқылы іріктеп, барлығына түсінікті әрі ортақ ереже бойынша қабылдау көзделді. Ережеде конкурстық іріктеудің нақты қағидалары бекітіледі. Бұл жұмыс цифрлық технологиялардың көмегімен автоматтандырылады. Сәйкесінше педагогты жұмысқа қабылдау туралы шешімді бір ғана адам емес, көпшілік қабылдайтын болады. Педагогтардың кәсібилігіне және барлық талапқа сай болуына ден қойылады, – деді Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов.

Мұғалімдердің конкурс арқылы әділ жұмысқа қабылданатынына тек білім беру саласының қызметкерлері ғана емес, ата-аналар да дән риза. Екі баланың анасы Гүлжан Амангелдіқызы сапалы білім сапалы мұғалімнен басталады деп санайды. «Білікті деген мұғалімдерді конкурспен қабылдаса, білім жүйемізде де біршама ілгерілеу болар еді. Қазір кейбір мұғалімдердің жұмысқа ақшамен, таныспен кіретіні жасыратын жағдай емес. Содан барып мұғалім деген атқа кір келтіріп жүргендер шығады. Жақсы ұстаздар жоқ емес, бар. Бірақ жаңағыдай адасып келгендер құртады абыройды. Сосын бір басына екі ауысым алып, сағатын көбейтіп алған мұғалімдердің де ісін қолға алса жақсы болар еді. Әйтпесе ақшаға бола соншама сағат алып алғандар қандай білім беріп жарытады?! Робот емес қой. Негізі, директоры жақсы мектептің білімі де жақсы болады. Оған көзім жеткен» дейді ол.

Екінші норма басшыларға қатысты. Енді мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларын ротациялау енгізіледі. Ротациялау институты мемлекеттік қызметте, бизнес құрылымдарында және басқа да бағыттарда енгізілген. Басшылардың жылдар бойы бір лауазымда отыруының өз артықшылықтары да бар, кемшіліктері де көрініс тауып жатады.

№34-35 (4159) 27/03/2021 Сенбі

# ҰЛЫ КӨШКЕ ҮН ҚОСҚАН

QAZAQ RADIOSY 1921

**Биыл Қазақ радиосына 100 жыл толып отыр. Ұлттың үніне айналған қара шаңырақ жайында көңілімде жатталған, жүрегімде сақталған естеліктерімді жариялауды жөн көрдім.**



Менің журналистік қызметім сонау 1967 жылы Қазақ радиосында басталды. 1987 жылы отбасы жағдайыммен Павлодар облыстық телерадиокомитетіне ауысып, облыстық радионың қазақ бөлімінде бас редактор болып жүрген кезімде мені Қазақ радиосының Павлодар облысындағы меншікті тілшісі қызметіне бекітті. 10 жыл қатарынан тілші болдым. Астана Алматыдан Ақмолаға ауысып, облыстардағы тілшілер қосыны жабылды. Бас директорымыз Төрехан Данияр Алматыдан негізгі редакторлар құрамы келгенше мені алты ай бұрын Ақмола облыстық телерадио корпорациясына қызметке ауыстырды.

1998 жылдың 1 қаңтарында Алматыдан арнайы жасақталған шығармашылық топ та келіп қосылды. Оларға алғашқы кезде үш бөлмелі пәтер берілді. Ұлы бар, қызы бар – бәрі бірге тұрды. Кейін оларға үй берілді. Таңғы алтыдан Астана радиостудиясы әуе толқынына шығады, елордадағы жаңалықтарды, қаланың құрылыс қарқыны мен әлеуметтік-экономикалық өсіп-өркендеуі, мәдени өмірі жайында хабарлап тұрдық. Шынын айту керек, бастапқыда оңай болған жоқ. Мүлде білмейтін, танымайтын қалада не туысың, не танысың жоқ бұл шаһарға үйреніп кету қиын болды. Сол жылы қыс та қаһарына мініп, хабар тарататын студиямыз тастай суық, журналистеріміз бірінен соң бірі суық тигізіп, өкпе қабынуынан ауруханаға кезек-кезек түсіп жатты. Денсаулықтарын мүлде жойып алғандар да болды.

Қазақ радиосының Астанадағы филиалында шектеулі ғана шығармашылық топ жұмыс істеді. Елордадағы әкімшілік пен департаменттер, министрліктердің жұмыс барысын, Үкімет пен Президенттің жүргізіп жатқан саясатын насихаттап, оны оперативті түрде жеткізіп отырдық. Дегенмен осындай аз шығармашылық топпен қыруар жұмыс атқардық.

Редакторлардың жетіспеушілігі соншалықты, қалай ауырсақ та, бюллетень алмайтынбыз. Тек құлап жатсақ қана ауруханадан бір-ақ шығатынбыз. Алматының Қазақ радиосынан келген директорымыз Қайрат Мұсақұлов – жұмысын білетін білікті басшы. Жұмысты жақсы ұйымдастырып отырды. Қазақ радиосының комментаторлары болып менімен бірге қызмет жасаған Базарбек Түкібай, Асан Сарқұлов, Надежда Самсонова, Морис Абдуллин, Алмира Тілеуханқызы, Серік Мұқашев, Бекжан Әліқұлов, Сайран Құсайынова, Светлана Зиновьева, Күләш Молдахметова және кейін келіп қосылған редакторлар Елена Трифонова, Айнұр Дайрабаева, Базаркүл Үмбетова, Сәуле Досжанова және менің ұлым Мадияр Балтабай жан аянбай қызмет етті. Ал комментаторлар таңғы алтыда және түнгі эфирге графикпен шығып тұрдық. Таңғы алтыда эфирді ашып, түнгі 12-де эфирді жабатынбыз.

Бір қызығы, 50-ден ассам да, мен де олардан қалыспай, асып түспесем, кем қалмайтынмын. Тікелей эфирге шығып, авторлық хабарларымды дайындап, елордадағы күнделікті өтіп жатқан әртүрлі шараларға қатысып, жастардың алдында өзімнің шапшаңдығыммен әрі жауапкершілігіммен көзге түсуге тырыстым. Павлодардан да жиі хабар беріп тұрдым. Менің хабарларымның режиссері Совет Бекішов болды. Тәжірибесі мол, музыкаға бейім, өнерді жанындай сүйетін. Қай хабарға қандай ән салатынын бірден таңдайды және ерекше көркемдейді. Хабарды монтаждағанда өте шебер монтаждайды. Артық сөйлемдерді алып, басқа сөйлемдерді мағынасына қарай бір-бірімен қосып, әдемі сөйлем құрайды. Сөйлетіп әкелген адамыңды танымай да қаласың. Әрбір дайындаған бағдарламасы бір-біріне ұқсамайды. Тақырыптың мақсатын, мағынасын ой елегінен өткізіп, автордың ойын дөп басатын. Режиссер өзі осы Астанадағы Қазақ радиосында құрметті демалысқа шыққанша қызмет атқарды. Бүкіл өмірі осы біздің радиода өтті деуге болады.

Қазақ радиосында өз жұмысына жауапкершілікпен қараған Гүлжанат Байшотқызы да білікті дыбыс режиссері, ісіне мығым болды. Ол да осы радиодан құрметті зейнетке шықты. Сол сияқты Гүлжан Саметова, Наталья Гуляева, Галина Насань – менің есімде ерекше қалған қызметтес достарым.

«Астанадан сөйлеп тұрмыз!» деп эфирді ашқанымда, жүрек қағысым жиілеп, кеудемді қуаныш кернейтін. «Астана» деген сөздің өзі мен үшін қасиетті ұғым болды, сондықтан да оған мен үлкен жауапкершілікпен қарадым. Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығын атап өтерден тура бір жыл бұрын Ақмолада Үкіметтің кеңейтілген үлкен мәжілісі болды, оны Мемлекет басшысы өзі өткізді. Бұл мәжіліске сол жолы Қазақ радиосынан мен барған едім. Мәжілісте Елбасының айтқан әрбір сөзі маған ой тастады. Жігерленіп отырдым. «Бұл Тәуелсіздік қазақ халқына оңайлықпен келмегенін білесіздер, он жылдыққа орай мына отырған сіздердің әрқайсыңыз бір-бір үлкен жұмыс атқарсаңыздар, ел игілігіне қосқан үлестеріңіз болар еді» деген Президентіміздің сөзі маған үлкен ой тастады.

Радиоға келіп жұмысымды тапсырған соң ойландым. «Мен қандай үлес қоссам болады?» деп өз-өзіме сұрақ қойдым. Күні-түні ойланып, бір шешімге келдім. Ертеңіне ҚР Парламент депутаты Фариза Оңғарсынова ақынға жазба ақындарының радиомүшәйрасын ұйымдастырсақ, сіз қазылар алқасын басқарсаңыз қайтеді деп өз пікірімді айттым. Ол кісі ойланбастан қолдау көрсетті. Қуанып отырып, соңғы жылдары ақындар кітаптарын шығара алмай қиналып жүргенде бұл бір серпіліс болар еді деп қуанышын да білдірді. Қазылар алқасының мүшелері болып Ұлықбек Есдәулет, Серік Тұрғынбеков, Айбатыр Сейтақ болды.

Тәуелсіздіктің 10 жылдығы тойланар алдында Астананың төрінде Қ.Қуанышбаев атындағы қазақ драма театрында «Қазақстаным – қара шаңырағым» атты республикалық ақындар радиомүшәйрасының қорытындысын шығардық. Оған 500-ден аса ақыннан өлең келіп түскен еді. Қазылар алқасы таңдаған ең жақсы деген ақындардың өлеңдерін бір жыл бойы Қазақ радиосының эфирінен беріп тұрдық. Оны кезінде Торғай облыстық радиосының дикторы болған, кейін Астана филиалында қызмет жасаған Күләш Молдахметова оқып, тыңдарманның алғысына бөленді. Мұндай мүшәйраны кейін Фариза апамызбен үш рет өткіздік. Бас қаладан бастау алған осындай игі істің кезінде бастамашысы қатарынан табылғаныма бүгінде өз-өзіме ризамын.

1997 жылы 8 қарашада Алматыдан Ақмолаға Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерін жеткізген салтанатқа қатысып, үлкен репортаж дайындадым. Күн өте суық болды, Президент әкімшілігі мен Үкімет үйінің алдына халық көп жиналды. Қақаған аяздың ызғары жиналғандардың еңсесін түсірген жоқ, қайта олардың жүзінен қуаныштың, еркіндіктің, ең жауапты сәттің нышанын сезіп тұрдық. Ақмоланың жұлдызды сәті туды. Аспанымызда көп байрағымыз желбіреп, Сарыарқаның төсінде қазақтың Әнұраны шарықтады. Айналаңа қарасаң әртүрлі ұлт өкілдерінің рухы аспандап тұрды. Халықтар арасындағы берік достықты сезіндім. Міне, осы бір тамаша көріністі өзімнің хабарымда жеткізуге тырыстым. Елбасының баяндамасындағы тарихи сөзі:



«Астананың көшірілуі – жаңарудың айғағы. Ол еліміздің түрлі салалары мен аймақтарына қуатты серпін, жаңа мүмкіндіктер береді» деді. Иә, бүгінде сол мүмкіндіктердің жолы ашылды, елордамыз бүкіл әлем тамсанған сәулетті қалаға, мемлекетіміздің мақтанышына айналды. Кезінде қазіргі Нұр-Сұлтан қаласын елімізге танытамыз деген «Астана және астаналықтар» хабарым тыңдарманның сүйіп құлақ түретін хабары болып еді. Бұл жайында кездесе қалғанда қазақтың белгілі ақыны Фариза Оңғарсынова үнемі маған ризашылығын білдіріп, мақтап отыратын.

Көбіне мен Астана қаласы әкімдігіндегі мәжілістерге және өтіп жатқан үлкен-үлкен мәдени шараларға тұрақты түрде қатысып отырдым. Арагідік Үкіметтегі, Президенттің өткізіп жатқан шараларына да қатысып, Елбасынан талай рет интервью алған кезім де болды.

1998 жылы Журналистер күні қарсаңында Астана қалалық әкімдігі «Астана – әлем назарында» деген тақырыпта журналистер арасында байқау жариялады. Бірнеше тақырып бойынша жеңімпаздарға номинация белгіледі. Сол жолы мен Қазақ радиосының атынан байқауға қатысып, «Алтын қалам» жүлдесін жеңіп алдым.

Нұрсұлтан Назарбаев жас қаланың әрбір құрылыс нысанын өзі қадағалап, оның ашылуына да өзі қатысатын. Елордадағы әрбір ғиматты өз баласындай көрді десем артық айтпас едім. Сол жылдары мен екі қызметті бірдей атқардым. Қазақ радиосында комментатор бола жүріп, «Астана» радиосының қазақ бөлімінің редакторы болдым. Елордада қызмет атқарып жүргенімде, мазмұнды да мағыналы шаралар көп болды. Солардың көбіне директорымыз Қайрат Мұсақұлов мені жіберетін. 8 наурызға арналған Халықаралық әйелдер мерекесі Президенттің салтанат сарайында өтті, сонда болдым. «Мыңжылдық Қазақстан» форумына, Әйел кәсіпкерлерінің съезіне, Жаңа жылдық шырша мерекесіне, елордада өткен ақындар айтысына да мен барып жүрдім. Салтанатты жиындардың бәріне қатысып, осы шаралардан ұйымдастырылған бағдарламалар дайындап отырдым.

Директорымыз Қайрат Мұсақұлов – өте кішіпейіл, өз жұмысын білетін білгір, кәсіпқой журналист. Өздеріңіз білесіздер, журналист деген халық өте сезімтал, көңілдері жас нәрестедей нәзік, ойлаған істерін жерге тастамайтын, халыққа жақын жандар ғой. Кей кезде эмоцияға беріліп, күйгелектеп кететін жайларымыз да бар. Осындай кезде ол әрбір журналистің көңілін тауып, әрқайсымызбен тіл табысуға тырысатын. Мені апай деп қатты сыйлайтын. 2006 жылдың Журналистер күніне Астана қаласының әкімі мен баспасөз орталығы елорданы алғашқы құрысқан журналистердің бірі деп мені елордаға шақырды. Мен ол жылдары Павлодар телерадиосының директоры болатынмын. Бұл шараға алғашқы жылдары елордамызда қызмет жасаған алғашқы журналистер мен ақын-жазушылар да қатысты.

Ақмоланың мәдени өмірі мен қазақ тілінің дамуына үлес қосқан ұлт жанашыры, ақын, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрғожа Ораз, жыр падишасы, халқымыздың сүйікті қыздарының бірі, Қазақстанның халық ақыны, Ақмолаға бірінші болып келген Фариза Оңғарсынова және Қазақ радиосы мен «Хабар», «Қазақстан» телеарналарының журналистері келді. Солармен бірге мені құрметтеп шақырғанына мен қатты қуандым. Астанаға келген алғашқы әсерлерімізбен бөлісіп, бүгінгі елорданың жеткен жетістіктеріне қуана отырып, осы іске біздің де үлесіміз болғанын мақтаныш сезіммен еске алдық.

Сөз соңында айтарым, жалпы Қазақ радиосының елордадағы филиалының ұжымы өте ұйымшыл болды. Бір реніш, не түсінбеушілік деген болған емес. Бес жарым жылғы қызметім бес күндей өте шықты. Бүгінде радиодан әріптестеріміз «Елордадан сөйлеп тұрмыз!» деп саңқылдаса, көңілім сол жаққа бұрылып, Астананы көппен бірге құрысқан әріптестерімді есіме алып, сағыныш сезімде боламын. Қайда жүрсе де сол әріптестеріме «аман болайық, еңбектеріңнің зейнетін көріңдер» деп тілек айтып отырамын. Қазақ радиосының бір ғасырлық мерекесі, әріптестер, құтты болсын! Сіздер де 100 жасаңыздар!

**Ғалия БАЛТАБАЙ,**
**Қазақ радиосының үздігі, ардагері, мәдениет қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері**

# ӘБЖАННЫҢ ӘРЛІ ЖЫРЛАРЫ

**Менің түйдей құрдасым, жерлесім, ақын досым Әбжан да жетпістің белесіне шықты. Жетпіс деген биіктен төңірегіне қарайтын, өткен күндерге есеп беретін уақыт келген секілді. Әбжан екеуміз әдебиет әлеміне де қатар келдік деуге болады. Тырнақалды жырларымыз Қостанай облыстық газетінде қатар басылып жүрді. Кейінірек Әбжан «Торғай таңы» газетінің белді қызметкері болды. Қаламы жүйрік журналист атанды, алайда жүрегін жарып шыққан жырларын туған баласындай мәпеледі. Оған оның әр жылдары шыққан кітаптары куә.**

«Тектіден текті туады» деп бекер айтылмаған шығар. Әбжан – қас дұшпаннан қаймықпаған Тілеулі батырдың, сөйлесе сөздің шешені, бастаса елдің көсемі болған Таңат Сейдахмет ақынның ұрпағы. Тура сөзден қайтпаған атасы қандай от ауызды, орақ тілді болса, Әбжан да шындықтан алыс кеткен жоқ, көрген-білгенін, көңілге түйгенін жыр жолына айналдырғанда тек қана ақиқатты жырлады. Өлеңдері «Қарлығаш» жыр жинағында жарияланған сәттен бастап оқырман назарын аударды.

1988 жылы «Жалын» баспасынан Әбжанның және менің жырларым «Көктем бояулары» деген ортақ атпен жарық көрді. Әбжан өзінің топтамасын «Асау ағыс» деп атаған екен. Бұл жинақта советтік отан, коммунистер туралы біраз жырлар болды. Ол тұста солай жазбаса өлеңдердің жарық көруі де екіталай еді. Редакторлар әр жинақтың алдында паровоз секілді сондай жырлардың тұрғанын талап ететін. Соның өзінде асау ағыстай өрекпіген өлеңдер осы топтамада да бой көрсетті. Әбжан кейін жазған бір өлеңінде: «Мен болмасам жазар мұны басқа кім, өлеңімді дәл осылай бастадым, бастадым да, алдына әкеп тастадым редактор – қасқаның» деп жазғаны бар.

Социалистік реализм талап еткен, цензура бекіткен осы қоқыстан Әбжан кейін арылды. «Айта алмаймын атүсті, қиылса да жүз кісі, жібермейді қоқысты жүрегімнің сүзгісі» деп өзі жазғандай, кейінгі жинағын «Жүрегімнің сүзгісі» деп атады.

Иә, расында да сүзгіден өткен, сұрыпталған жырлар оқырманды бей-жай қалдырмайды. Ақынның «Жүрекжарды» жинағы да жүректен шыққан, жүрекке жететін жырлардан құралған.

Ақын Шоқанға арнаған жырында ғалымды аққан жұлдыз деуге аузым бармайды дейді. Осындай ой кезінде менің де басыма оралған. «Шоқанды орысың да, қазағың да аққан жұлдыз деп жазыпты. Сәбит Мұқановтың ол туралы романы да «Аққан жұлдыз» деп аталады. Ғалымның құрметіне ұйымдастырылатын көрмелер мен экспозициялардың атауын «Аққан жұлдыз» немесе «Промелькнувший метеор» деп жазғанын күнде көзіміз көріп жүр. Менің ойымша, Шоқан аққан жұлдыз емес, қазақтың көгінде жарқырап тұрған жарық жұлдыз» деген едім.

Ақын ойының ұқсастығы екеуміздің ойлау мәнеріміздің үйлесімі болуы да ғажап емес. Әбжанның біраз жыры көсемсөз секілді оқылады. 2015 жылы оның «Тіл мен жақ» деп аталған жаңа жинағы жарық көрді. Тіл мен жағына сүйенгендер оқитын кітап. Бұл кітапта көптеген арнау жырлар топтастырылған. Арнаудың да арнауы бар. Той-думанда оқылып, іле-шала ұмытылып кететін арнаулар да болады. Ақын арнаулары жинақталған бұл кітапта әр арнаудың сүйекке сіңген мінезі бар, кейіпкерлердің өзіндік кескін-келбеті бар.



Белгілі әдебиет сыншысы Жұманазар Сомжүрек осы кітапқа жазған алғы сөзінде ақынға ел жүгін қайыспай көтерген қара нар деп баға берген екен. Өте тауып айтылған. Осы кітаптағы «Қостанай» деген жырында ақын «Келгенім көптен елге бұл, жететін шығар пәрмені, сергісін біраз ер көңіл, Ақылбекке алып бар мені» деп жазыпты.

Бірде елу жылдан астам сыралғы дос болып жүрген белгілі қаламгер Жұмабек Жанділдин Арқалықтан телефон соқты. «Біз Қостанайға жиналдық, үйде бол! Әбжан екеуміз бара жатырмыз» деді. Көп ұзамай жетіп келді. Мәре-сәре болып қалдық. Бір үйдің қонақасысы аздай, құдалар секілденіп тағы бірнеше үйге бардық. Түні бойы ұйықтамай жыр оқыдық, пікір таластырдық. Соның өзі бір ақындық мектеп болатын.

Шынында да анда-санда кездессек те, құлын-тайдай шұрқырасып, туыстай табысып, жарыса өлең оқитын шақтарды аңсайды екенсің. Қолым қалт еткен кезде Әбжан кітаптарын қайта қараймын. Жақсы өлеңдеріне ырза боламын.

Мына небәрі сегіз жолдан тұратын өлеңге назар аударайықшы.

Жалғыздық қана жарасқан
Қайғы бер маған, нала бер.
Төбемде менің – қара аспан,
Төменде менен – қара жер.
Болды енді. Сауға сұрама,
Бәрін де көрдім, тойдым, ал!
Қара аспан, маған құла да,
Қара жер, мені қойныңа ал!

Әдетте ақындар көк аспан деп сипаттайтын кәдімгі аспан – Әбжан жырында қара аспан. Қара аспан мен қара жер – қарама-қарсы контраст, тұнып тұрған философия. Бір сөзбен айтқанда, қара аспан тек осы жырға жарасқан. Әбжанның мұндай туындыларынан Мағжан мен Қасым жырларының ықпалын байқауға болады.

Әбжан аз сөзге көп мағына сиғызатын төрт жол шумақ – рубай жазуға да әбден төселген. Бұл туралы: «Ақ қағазға бетпе-бет кеп қалғанда, Менен зор жоқ, менен қор жоқ жалғанда, Зор екенім – сұңқар шабыт самғауда, Қор екенім – ойдан тамшы тамбауда» дейді.

Әбжан Сергей Есенинді де жанындай жақсы көрді. Ал орыстың заманауи ақындарынан Евгений Евтушенкоға ерекше ден қойды. Оның бірталай жырын қазақша сөйлетті. Аудармашы есебіндегі Әбжанның еңбегі арнайы сөз етуге тұрарлық. Ең бастысы, ол өзінің аудармаларында түпнұсқадан ауытқыған жоқ, өлеңнің түрі мен қалыбын, ұйқасы мен ырғағын қаз-қалпында сақтауға күш салды. Ол аударған Расул Ғамзатов пен Иосиф Бродский, Андрей Вознесенский мен Камол Насрулло жырларын қазақ оқырманы төл туындыдай қабылдады деген ойдамын.

Әбжан біраз уақыт министрліктердің бірінде лауазымды қызмет істеді. Онда жүргенде мемлекеттік тілді дамытуға және аударма ісіне тікелей жауапты болды. Оның бұл жұмысты абыроймен атқарғанына күмәнім жоқ. Бірақ қызметтік аударма мен поэзия аудармасының арасы жер мен көктей. Сол кезде ақын досым сөзбе-сөз аудармаға машықтанып, көркем поэзиядан алшақтап қала ма деп қауіптенген едім. Ол ойым бекер екен. Әбжан аудармаға да өзінің ішінен шыққан өлеңдей бауыр басып алды. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Әлем әдебиеті» сериясымен жарық көргелі жатқан Эмиль Золя мен Николай Гогольдің романдары мен повестерін қазақ тіліне аударды.

Қаламгер туған жеріне, өскен еліне, ағайын, туыстарына, көңіл жықпас достарына жыр арнады. Туған жердің табиғатына сүйсінді, адал махаббатын ардақтады. Сүйген жары Бақытпен бірге ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырды.

Парыз болып қалмай ана толғағы,
Қарыз болып қалмай берген ел наны,
Өтсем деймін... Перзентіне, туған жер,
Көңіліңді суытпасаң болғаны, – деп айтқанындай, көкірегіндегі жылы сезімді суытпады, перзенттік парызын ұмытпады. Өлеңсүйер қауым да оның жырларынан ләззат алып, ой түйеді. Оның сөзімен айтар болсақ: «Жанары жалғанды көріп, даланың жұпарын жұтып, ананың уызын еміп, сәуірде туған бала жетпіске жетіп желпініп отыр. Ақын көкжиегі кеңейе бергей!

**Ақылбек ШАЯХМЕТ,**
**халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы мен «Алтын қалам» жүлдесінің иегері**

## ДҮЙСЕНБІ
## 29 НАУРЫЗ

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Көшпенділер». Деректі фильм.
6:30 «Másele».
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 «Біздің әпке». Телехикая.
12:00 «Махаббат, қызық мол жылдар». Телехикая.
13:00 AQPARAT
13:15 «Ғажайып өлке».
13:30 «ТҰЛҒА».
14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир.
15:00 «Apta». Сараптамалық бағдарлама.
16:00 «Жараланған жүректер». Телехикая.
17:00 AQPARAT
17:15 «Kim bilgir?».
18:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ».
21:30 «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР». Телехикая.
22:30 «ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ». Телехикая.
23:20 «Тәуіп Хо Жун». Телехикая.
0:10 AQPARAT
0:45 «Ashyq alań». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
1:35 «Теледәрігер».
2:25 «Тәуелсіздік тарландары». Деректі фильм.
2:40 «Másele».
3:10 «Көшпенділер». Деректі фильм.

6:00 Әсем әуен
7:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Таңғы хабар»
10:15 Тұсаукесер! «Қолда я жолда»
12:15 Телехикая. «Егіз жүрек»
14:00 «Qalamaimyn»
15:00 «Бүгін». Тікелей эфир
16:00 Телехикая. «Пәленшеевтер»
17:00 Телесериал. «Семейные обстоятельства»
18:00 Мегахит. «Великолепная семерка»
20:00 Қорытынды жаңалықтар
20:30 «Баспанаға бағыт». Прямой эфир.
21:00 Итоги дня
21:30 Тұсаукесер! «Қолда я жолда»
23:30 «Әсем әуен»
0:30 Телехикая. «Егіз жүрек»

**ASTANA TV**

6:00 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы
6:30 «Күлдірген» әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 «Үздік әзілдер»
7:30 Союзмультфильм
8:00 М/ф «Маша и медведь»
10:00 «Тұмарым» үнді телехикаясы
11:30 «Қызым» түрік телехикаясы
12:30 «Айдаһарлар шайқасы» корей телехикаясы
14:00 «Эпоха достижений» документальный фильм
14:15 М/ф «Маша и медведь»
14:40 «Интерны» т/сериал
15:50 «Үздік әзілдер»
16:20 «Ханзада Жумонг» корей телехикаясы
18:00 «Ұрланған тағдыр» түрік телехикаясы
20:00 ASTANA TIMES
21:00 «Қызым» түрік телехикаясы
22:00 «Тұмарым» үнді телехикаясы
23:10 «Айдаһарлар шайқасы» корей телехикаясы
0:20 «Қош келдіңіз»
1:10 ASTANA TIMES
2:00 «Біреудің есебінен» деректі драма
2:45 «KazNet» ғаламторға шолу
3:05 «Үздік әзілдер»
3:50 «Тағдыр» т/сериал
4:35 «Мың алғыс»
5:05 «Отбасы»
5:30 «Бірегей»

6:00 «ЖАЛҒЫЗ ЖАУҚАЗЫН» телехикаясы
6:40 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
7:10 «ӘН ДАРИЯ» бағдарламасы
8:00 Телеканал «ДОБРОЕ УТРО» (каз/рус)
11:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
12:00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
13:00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14:15 «112». Тікелей эфир
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «УГРЮМ-РЕКА»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 Дмитрий Паламарчук в многосерийном фильме «ТАКАЯ РАБОТА 2»
0:00 «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ 6»
1:40 «П@УТИНА» бағдарламасы
2:25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:55 «ӘН ДАРИЯ» бағдарламасы
3:40 «ЖАЛҒЫЗ ЖАУҚАЗЫН» телехикаясы
4:20 «П@УТИНА» бағдарламасы

**КТК**

07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы
07.20 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
07.50 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ», телехикая
08.50 «КЛУБ ОБМАНУТЫХ ЖЁН», мелодрама (қайталау)
12.30 «СМЕРТЕЛЬНЫЙ ТРЕНИНГ», детективная драма (қайталау)
16.10 «С КЕМ ПОВЕДЁШЬСЯ», мелодрама. Премьера!
18.00 «АМАНАТ». Өзбек телехикаясы.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «ХОРОШАЯ ЖЕНА», мелодрама.
23.40 «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ», остросюжетный детектив.
01.30 «С КЕМ ПОВЕДЁШЬСЯ», мелодрама (қайталау)
02.20 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
03.05 «ТОЙ BESTSTAR», ойын-сауық бағдарламасы
04.10 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ», телехикая (қайталау)
04.50-05.20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

**31**

06:00 1001 анекдот (қаз)
06:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (қаз)
06:50 «Неге?» (қаз) (қайталау)
08:20 Концерт «Күлейік, ғажап өмір сүрейік» (қаз)
11:00 Индийский сериал «Ананди» (қаз)
12:00 «What's Up?» (қаз)
12:40 КИНО. «Охота на монстра» (қайталау)
15:20 «Экстрасенсы детективы
16:30 Премьера! «Такси»
17:00 «Кел, татуласайық» (қаз)
20:00 Информбюро
21:00 Премьера! Корейский сериал «Безрассудная любовь»
22:20 КИНО. «Запретное царство» (қайталау)
00:40 КИНО. «Рыцарь Камелота» (қайталау)
02:10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (қаз)
03:30 Ризамын (қаз)
05:00 Әзіл студио (қаз)

**7**

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Т/п «Айна-online»
07.30 Скетчком Q-елі
08.30 Т/п «Япырай»
09.00 Т/с «Я тебя никому не отдам»
13.00 Юбилейный концерт «Шымкент шоу 10 жыл»
16.00 Т/с «Гранд 3»
17.00 Т/с «Крепостная»
18.00 Т/с «Дурная кровь»
19.00 Премьера! Т/с «Скорая помощь» 2-маусым
21.00 Премьера! Т/х «Өсекшілер»
21.30 Премьера! Т/х «Тойхана»
22.00 Премьера! Т/х «Серт пен сезім»
00.00 Т/с «Дурная кровь»
01.00 Т/с «Крепостная»
02.00 Т/с «Гранд 3»
03.00 Скетчком Q-елі
03.30 Т/х «Сен жалғыз емессің»
04.30 Т/п «Айна-online»
05.10 Т/х «Жеңіп көр»

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
07.35 «РЕВЮ» (каз.)
08.00 «Күлкі базар» (каз.)
08.30 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (каз.)
09.50 «БЕН 10» (мультсериал)
10.10 «УДИВИТЕЛЬНЫЙ МИР ГАМБОЛА» (мультсериал)
10.20 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
10.40 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
11.10 Сериал «ДВЕ ДЕВИЦЫ НА МЕЛИ»
11.40 «ПЛОХИЕ ПАРНИ»
14.30 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз. прямой эфир)
18.30 «РЕВЮ» (каз.)
19.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
19.30 Сериал «ДВЕ ДЕВИЦЫ НА МЕЛИ»
20.00 «КРОВАВАЯ РАБОТА»
22.10 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
22.30 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (каз.)
00.00 «МАЛЬЧИК В ДЕВОЧКЕ»
01.30 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз. повтор)
04.40 - 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

## СЕЙСЕНБІ
## 30 НАУРЫЗ

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Көшпенділер». Деректі фильм.
6:25 AQPARAT
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 «Біздің әпке». Телехикая.
12:00 «Махаббат, қызық мол жылдар». Телехикая.
13:00 AQPARAT
13:15 «Тәуелсіздік тарландары». Деректі фильм.
13:35 «ЖАН ЖЫЛУЫ».
14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир.
15:00 «Тәуелсіздік тәуекелдері».
15:40 «Ғажайып өлке».
16:00 «Жараланған жүректер». Телехикая.
17:00 AQPARAT
17:15 «Kim bilgir?».
18:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ».
21:30 «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР». Телехикая.
22:30 «ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ». Телехикая.
23:20 «Тәуіп Хо Жун». Телехикая.
0:10 «Жан жылуы».
0:35 ФУТБОЛ. 2022 жылғы Әлем чемпионатына іріктеу матчы. Тікелей эфир
2:40 AQPARAT
3:15 «Ashyq alań».

6:00 Әсем әуен
7:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Таңғы хабар»
10:15 Тұсаукесер! «Қолда я жолда»
12:15 Телехикая. «Егіз жүрек»
14:00 «Qalamaimyn»
15:00 «Бүгін». Тікелей эфир
16:00 Телехикая. «Пәленшеевтер»
17:00 Телесериал. «Семейные обстоятельства»
18:00 Мегахит. «Исчезновение»
20:00 Қорытынды жаңалықтар
20:30 «Баспанаға бағыт». Прямой эфир.
21:00 Итоги дня
21:30 Тұсаукесер! «Қолда я жолда»
23:30 «Әсем әуен»
0:30 Телехикая. «Егіз жүрек»

**ASTANA TV**

6:00 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы
6:30 «Күлдірген» әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 «Үздік әзілдер»
7:30 Союзмультфильм
8:00 М/ф «Маша и медведь»
10:00 «Тұмарым» үнді телехикаясы
11:30 «Қызым» түрік телехикаясы
12:30 «Айдаһарлар шайқасы» корей телехикаясы
14:00 «Эпоха достижений» документальный фильм
14:15 М/ф «Маша и медведь»
14:40 «Интерны» т/сериал
15:50 «Үздік әзілдер»
16:20 «Ханзада Жумонг» корей телехикаясы
18:00 «Ұрланған тағдыр» түрік телехикаясы
20:00 ASTANA TIMES
20:55 Loto 5/36. Прямой эфир
21:00 «Қызым» түрік телехикаясы
22:00 «Тұмарым» үнді телехикаясы
23:10 «Айдаһарлар шайқасы» корей телехикаясы
0:20 «Қош келдіңіз»
1:10 ASTANA TIMES
2:00 «Біреудің есебінен» деректі драма
2:45 «KazNet» ғаламторға шолу
3:05 «Үздік әзілдер»
3:50 «Тағдыр» т/сериал
4:35 «Мың алғыс»
5:05 «Отбасы»
5:30 «Бірегей»

6:00 «ЖАЛҒЫЗ ЖАУҚАЗЫН» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
6:40 «ТОЙ ЗАКАЗ» БАҒДАРЛАМАСЫ
7:10 «ӘН ДАРИЯ» БАҒДАРЛАМАСЫ
8:00 ТЕЛЕКАНАЛ «ДОБРОЕ УТРО» (КАЗ/РУС)
11:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
12:00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
13:00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14:15 «112». ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
14:30 «QOSLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «УГРЮМ-РЕКА»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «ТАКАЯ РАБОТА 2». ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ СЕРИИ
0:00 «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ 6»
1:40 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ
2:25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:55 «ӘН ДАРИЯ» БАҒДАРЛАМАСЫ
3:40 «ЖАЛҒЫЗ ЖАУҚАЗЫН» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
4:20 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ

**КТК**

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ», телехикая
08.20 «ҚАРА ТЕҢІЗ». Түрік телехикаясы.
09.40 НОВОСТИ (повтор вечернего выпуска)
10.20 «БЫЛО ДЕЛО»
12.00 «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ», остросюжетный детектив (қайталау)
14.10 «ХОРОШАЯ ЖЕНА», мелодрама (қайталау)
16.10 «С КЕМ ПОВЕДЁШЬСЯ», мелодрама. Премьера!
18.00 «АМАНАТ». Өзбек телехикаясы.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «ХОРОШАЯ ЖЕНА», мелодрама.
23.40 «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ», остросюжетный детектив.
01.30 «С КЕМ ПОВЕДЁШЬСЯ», мелодрама (қайталау)
02.20 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
03.05 «ТОЙ BESTSTAR», ойын-сауық бағдарламасы
04.10 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ», телехикая (қайталау)
04.50-05.20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

**31**

06:00 1001 анекдот (қаз)
06:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (қаз)
07:20 Информбюро (қайталау)
08:20 «Экстрасенсы детективы» (қайталау)
09:30 Корейский сериал «Өмір-өзен» (қаз) (қайталау)
11:00 Индийский сериал «Ананди» (қаз)
13:00 Сериал «Гадалка»
15:20 «Экстрасенсы детективы»
16:30 «Такси»
17:00 «Кел, татуласайық» (қаз)
20:00 Информбюро
21:00 Корейский сериал «Безрассудная любовь»
22:20 Сериал «Паутина 3»
23:30 Индийский сериал «Ананди» (қайталау) (қаз)
01:30 «Кел, татуласайық» (қаз)
03:40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (қаз)
04:30 Ризамын (қаз)
05:00 Әзіл студио (қаз)

**7**

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Т/п «Айна-online»
07.30 Скетчком Q-елі
08.30 Т/п «Япырай»
09.00 Т/п «Измайловский парк»
10.50 Т/с «Скорая помощь» 2-маусым
13.00 Т/х «Серт пен сезім»
15.00 Т/х «Тойхана»
15.30 Скетчком Q-елі
16.00 Т/с «Гранд 3»
17.00 Т/с «Крепостная»
18.00 Т/с «Дурная кровь»
19.00 Премьера! Т/с «Скорая помощь» 2-маусым
21.00 Премьера! Т/х «Өсекшілер»
21.30 Премьера! Т/х «Тойхана»
22.00 Премьера! Т/х «Серт пен сезім»
00.00 Т/с «Дурная кровь»
01.00 Т/с «Крепостная»
02.00 Т/с «Гранд 3»
03.00 Скетчком Q-елі
03.30 Т/х «Сен жалғыз емессің»
04.30 Т/п «Айна-online»
05.10 Т/х «Жеңіп көр»

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
07.35 «РЕВЮ» (каз.)
08.00 «Күлкі базар» (каз.)
08.30 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (каз.)
09.50 «БЕН 10» (мультсериал)
10.00 «УДИВИТЕЛЬНЫЙ МИР ГАМБОЛА» (мультсериал)
10.10 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
10.20 Трэвел-шоу «МИР НАИЗНАНКУ»
11.20 Сериал «ДВЕ ДЕВИЦЫ НА МЕЛИ»
11.50 «КРОВАВАЯ РАБОТА»
14.30 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз. прямой эфир)
18.30 «РЕВЮ» (каз.)
19.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
19.30 Сериал «ДВЕ ДЕВИЦЫ НА МЕЛИ»
20.00 «ШОПОГОЛИК»
21.55 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
22.30 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (каз.)
00.00 «НЕ ВИЖУ ЗЛА»
01.20 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз. повтор)
04.30 - 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

## СӘРСЕНБІ
## 31 НАУРЫЗ

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Көшпенділер». Деректі фильм.
6:25 AQPARAT
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 «Біздің әпке». Телехикая.
12:00 «Махаббат, қызық мол жылдар». Телехикая.
13:00 AQPARAT
13:15 «Тәуелсіздік тарландары». Деректі фильм.
13:30 «KELBET».
14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир.
15:00 «Жарқын жүздесу». Ток-шоу.
16:00 «Жараланған жүректер». Телехикая.
17:00 AQPARAT
17:15 «Kim bilgir?».
18:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ».
21:30 «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР». Телехикая.
22:30 «ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ». Телехикая.
23:20 «Тәуіп Хо Жун». Телехикая.
0:10 «Kelbet».
0:35 ФУТБОЛ. 2022 жылғы Әлем чемпионатына іріктеу матчы. Тікелей эфир
2:40 AQPARAT
3:15 «Ashyq alań».

6:00 Әсем әуен
7:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Таңғы хабар»
10:15 Тұсаукесер! «Қолда я жолда»
12:15 Телехикая. «Егіз жүрек»
14:00 «Qalamaimyn»
15:00 «Бүгін». Тікелей эфир
16:00 Телехикая. «Пәленшеевтер»
17:00 Телесериал. «Семейные обстоятельства»
18:00 Мегахит. «Пеле: Рождение легенды»
20:00 Қорытынды жаңалықтар
20:30 «Баспанаға бағыт». Прямой эфир.
21:00 Итоги дня
21:30 Тұсаукесер! «Қолда я жолда»
23:30 «Әсем әуен»
0:30 Телехикая. «Егіз жүрек»

**ASTANA TV**

6:00 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы
6:30 «Күлдірген» әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 «Үздік әзілдер»
7:30 Союзмультфильм
8:00 М/ф «Маша и медведь»
10:00 «Тұмарым» үнді телехикаясы
11:30 «Қызым» түрік телехикаясы
12:30 «Айдаһарлар шайқасы» корей телехикаясы
14:00 «Өмір-дастан» бағдарламасы
14:20 М/ф «Маша и медведь»
14:40 «Интерны» т/сериал
15:50 «Үздік әзілдер»
16:20 «Ханзада Жумонг» корей телехикаясы
18:00 «Ұрланған тағдыр» түрік телехикаясы
20:00 ASTANA TIMES
20:55 Loto 6/49. Прямой эфир
21:00 «Қызым» түрік телехикаясы
22:00 «Тұмарым» үнді телехикаясы
23:10 «Айдаһарлар шайқасы» корей телехикаясы
0:20 «Қош келдіңіз»
1:10 ASTANA TIMES
2:00 «Біреудің есебінен» деректі драма
2:45 «KazNet» ғаламторға шолу
3:05 «Үздік әзілдер»
3:50 «Тағдыр» т/сериал
4:35 «Мың алғыс»
5:05 «Отбасы»
5:30 «Бірегей»

6:00 «ЖАЛҒЫЗ ЖАУҚАЗЫН» телехикаясы
6:40 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
7:10 «ӘН ДАРИЯ» бағдарламасы
8:00 Телеканал «ДОБРОЕ УТРО» (каз/рус)
11:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
12:00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
13:00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14:15 «112». Тікелей эфир
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «УГРЮМ-РЕКА»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ 7»
0:10 «СЕВЕРНОЕ СИЯНИЕ»
1:40 «П@УТИНА» бағдарламасы
2:25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:50 «ӘН ДАРИЯ» бағдарламасы
3:35 «ЖАЛҒЫЗ ЖАУҚАЗЫН» телехикаясы
4:15 «П@УТИНА» бағдарламасы

**КТК**

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ», телехикая
08.20 «ҚАРА ТЕҢІЗ». Түрік телехикаясы.
09.40 НОВОСТИ (повтор вечернего выпуска)
10.20 «БЫЛО ДЕЛО»
12.00 «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ», остросюжетный детектив (қайталау)
14.10 «ХОРОШАЯ ЖЕНА», мелодрама (қайталау)
16.10 «С КЕМ ПОВЕДЁШЬСЯ», мелодрама. Премьера!
18.00 «АМАНАТ». Өзбек телехикаясы.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «ХОРОШАЯ ЖЕНА», мелодрама.
23.40 «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ», остросюжетный детектив.
01.30 «С КЕМ ПОВЕДЁШЬСЯ», мелодрама (қайталау)
02.20 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
03.05 «ТОЙ BESTSTAR», ойын-сауық бағдарламасы
04.10 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ», телехикая (қайталау)
04.50-05.20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

**31**

06:00 1001 анекдот (қаз)
06:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (қаз)
| 16316 | АЖМЕКОВА | ДАЙНЕШ | КАБИКЫЗЫ | 30.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16317 | ШОМАНОВ | БОЛАТБЕК | КАШКЫНБАЕВИЧ | 30.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16318 | РАХИМБЕКОВА | ГУЛЬНАРА | СЕРИКОВНА | 30.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16319 | КЕНЖЕБЕКОВ | ЕРГАЛИ | КЕНЖЕГАЛИЕВИЧ | 30.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16320 | КЕМБАЕВА | НАЗИРА | КАМАШОВНА | 30.06.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16321 | МЫРЗАБЕК | НАЗИРА | БАҚЫТҚЫЗЫ | 01.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16322 | РАХИМБАЕВА | АЙГЕРИМ | ЖУМАБЕКОВНА | 01.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16323 | ТУРЕБАЕВА | АЛИЯ | ШАМШИДИНОВНА | 01.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16324 | ВОЛОБОЕВ | МИХАИЛ | ПЕТРОВИЧ | 01.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16325 | ДЮСЕКЕЕВА | АСЕЛЬ | КАЙРОЛЛАЕВНА | 01.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16326 | МУСАБАЕВА | АНАР | СЕРИККЫЗЫ | 01.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16327 | БУКЕБАЕВ | НУРГАЛИ | АБДРАШОВИЧ | 01.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16328 | ИВАНОВА | НАТАЛЬЯ | ГЕННАДЬЕВНА | 01.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16329 | АЙТАКЫН | КУАНДЫК | САРСЕМБАЕВИЧ | 02.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16330 | ЖАНМУРЗИНА | ДАНАГУЛЬ | МУРАТБЕКОВНА | 02.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16331 | КАЗБЕКОВА | ДИАНА | БОРАНБАЕВНА | 02.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 16332 | БЕКБЕНБЕТОВА | УЛЖАН | БАЛТАБАЕВНА | 02.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16333 | БАЙТАИЛАКОВА | МАДИНА | КАЛИБЕКОВНА | 02.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16334 | СҮТТІБАЙ | ДІЛДӘБЕК | ТӨЛЕБАЙҰЛЫ | 02.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16335 | ТАЖИТАЕВА | ЖАННАТ | ШАМДАУЛЕТОВНА | 02.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16336 | УМИРБЕКОВА | АЙНУР | ЕДИЛОВНА | 04.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16337 | АБДРАШОВ | МИРЖАН | СЕРИКОВИЧ | 04.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16338 | МЕРГЕНОВА | ЖАЗИРА | МАНАТҚЫЗЫ | 04.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16339 | ХАМИТОВ | ДОСЫМ | ОЙЛАНОВИЧ | 05.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16340 | МАЙМАКОВА | ЗАРИНА | РАСУЛМАТОВНА | 05.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16341 | МУХАНБЕДИНА | ЭЛЬМИРА | МИХАЙЛОВНА | 05.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16342 | ТАСТЕМИРОВ | РУСТЕМ | ИСЛЯМОВИЧ | 05.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16343 | ТАСЕМЕНОВ | АРХАТ | БОЛАТОВИЧ | 05.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16344 | ЖЫЛКЫБАЕВА | ГУЛЬСУМ | АМИРХАНОВНА | 05.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16345 | ЕСМАГАНБЕТОВ | АСЛАН | КАЙРГЕЛЬДАНОВИЧ | 05.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16346 | БИЛЯЛОВА | САИДА | АРОНОВНА | 05.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16347 | ИШАТОВА | БИБИГУЛЬ | АМАНГЕЛЬДИНОВНА | 05.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16348 | ЗАМАНБЕКОВ | ЕРМЕК | САБИТОВИЧ | 05.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16349 | САКЕНОВА | ЖУЛДЫЗ | ТОЛЕГЕНОВНА | 05.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16350 | РАМАЗАН | МӨЛДІР | ҚАЙРАТҚЫЗЫ | 07.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16351 | АКИЖАНОВ | РИНАТ | ДЖАМБУЛОВИЧ | 07.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16352 | ХАСАНОВА | САУЛЕ | КАКЕНОВНА | 07.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16353 | БИЖАНОВ | АЙДАРХАН | НУРХАНОВИЧ | 07.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16354 | ТАЛАСОВА | АЙГУЛЬ | КЕНЖЕБЕКОВНА | 07.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16355 | НУРЛЫБЕКОВА | ГУЛДАНА | КЕНЖЕБУЛАТОВНА | 07.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16356 | ТЕРЕНТЬЕВА | АНАСТАСИЯ | САНСЫЗБАЕВНА | 07.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16357 | БУЛАТБЕКОВА | АЙГЕРИМ | МАРАТОВНА | 07.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16358 | ТУЛЕБАЕВА | ТОЛКЫН | МУРАТОВНА | 07.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16359 | МУСИНА | РАЙГҮЛ | ДАСТАНҚЫЗЫ | 07.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16360 | БАЙЖУМАНОВ | ГАЛЫ | МУБАРАКОВИЧ | 07.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16361 | АЛЬПИЕВА | АНЖЕЛА | АЛЕКСАНДРОВНА | 08.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16362 | АЛТИНБАЕВА | ГУЛШОД | НУРХУЖАЕВНА | 08.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16363 | БЕКТАСОВА | ШЫНАР | КАИРЛИЕВНА | 08.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16364 | ТЛЕУБАЕВ | АЛИШЕР | АСЛАНБЕКОВИЧ | 08.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16365 | ДАЛИЕВА | ДИНАРА | СЕРИКБАЕВНА | 08.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16366 | ОМАРОВА | РАУЗА | БАЗАРБАЕВНА | 08.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16367 | МОСКАЛЁВА | ЕКАТЕРИНА | СТАНИСЛАВОВНА | 08.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16368 | СЕЙДАХМЕТОВ | КАЙРАТ | НУРЛАНОВИЧ | 08.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16369 | МУСИНА | АЛИЯ | ЖУМАГАЗЫЕВНА | 09.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16370 | КАЙНАРБАЕВ | КАЖИМУКАН | КАЙРАТОВИЧ | 09.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16371 | РЫМБЕКОВА | ДАНА | ҚАЛАБАЙҚЫЗЫ | 09.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16372 | АЛИМХАНОВА | АЙДАНА | МУСАЕВНА | 11.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16373 | ЖУМАДИЛЬДИНА | ЕРКЕ | ШАХМАЕВНА | 11.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16374 | ХАМИТ | САЙРАН | НҰРБОЛҚЫЗЫ | 11.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16375 | ХАСЕНОВА | МАРЖАН | ЗЕЙЛКАБИДЕНОВНА | 11.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16376 | ЖАКИПБЕКОВА | ЖАЗИРА | НУРГАРАКЫЗЫ | 11.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16377 | ДАРИКУЛОВ | ДАУЛЕТЫЯР | БАХЫТЖАНОВИЧ | 12.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16378 | БАКИРОВА | АЙГУЛЬ | БАЛТАБЕКОВНА | 12.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16379 | БИЖАНОВА | АЛИЯ | АЛЬМУХАМБЕТОВНА | 12.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16380 | САЙЛАУОВА | МЕНТАЙ | МЫРЗАБЕККЫЗЫ | 12.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16381 | ЖАКСЫБАЕВА | АЙГУЛ | МАГЗУМОВНА | 12.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16382 | КАРАТАЕВА | АҚНҰР | НҰРЖАНҚЫЗЫ | 13.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16383 | КЕРЕЙБАЕВА | САМАЛ | БАЙЗАКОВНА | 13.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16384 | АЙМАХАНБЕТОВА | ЖАНАР | ЕРМЕКОВНА | 13.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16385 | СЕРИКБАЕВ | МАРАТ | ЕРЖИГИТОВИЧ | 13.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16386 | ЖАНКИНА | ДИНА | КУРАЙЫШЕВНА | 13.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16387 | НАКЕНОВ | АШЕР | ДАУЛЕТБЕКОВИЧ | 14.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16388 | ШИШКИНА | АННА | ВАСИЛЬЕВНА | 14.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16389 | КАЛЬПЕБАЕВА | АЙГЕРИМ | ТРАРОВНА | 14.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16390 | БИДЕШОВ | ЕРЖАНАТ | ЕРБОЛОВИЧ | 14.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16391 | БУРБЕКОВ | САКЕН | КАЛДЫБАЕВИЧ | 14.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16392 | ОСПАНОВ | БАУЫРЖАН | СУГИРАЛИЕВИЧ | 14.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |
| 16393 | БАЙМАХАНОВ | ЖАСҰЛАН | МҮСІЛІМҰЛЫ | 14.07.2016 | Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар |

*(Жалғасы бар)*

## ҚР ЗАҢНАМАСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН ДІНИ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕР ТУРАЛЫ

Ар-ождан және діни сенім бостандығы қағидасы Қазақстан Республикасының Конституциясында, діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңында және басқа да құқықтық нормативтік актілерде көрсетілген. Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазанындағы №483-IV заңына сәйкес, ҚР-ның өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайтынын, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін, ханафи бағытындағы ислам және христиандықтың православиелік бағыты халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танитындығын, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни төзімділіктің және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алады. Осылайша, Қазақстанда ресми мемлекеттік немесе міндетті дін жоқ.

Зайырлылық қағидаты бойынша ешбір дін мемлекеттік істерге әсер ете алмайды. Бірақ бұл Қазақстан діни мәселелерден толығымен алшақтады дегенді білдірмейді. Сарапшылардың пайымдауынша, мемлекеттің негізгі қағидасы немқұрайлыққа емес, сенімге деген тең көзқарасқа негізделген. Сонымен бірге зайырлы сенуші азаматтың бейнесі елдің заңға бағынатын тұрғынымен байланысты. Ол моральдық-адамгершілік қағидаттарды ұстанады, өз халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын құрметтейді, этникалық және діни келіспеушіліктерге жол бермейді.

Қазақстанда 140 этникалық және 40 конфессиялық топ өкілдері татулық пен түсіністікте өмір сүруде. Діннің қоғамдағы маңызы артқанын жіті сезіне отырып, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев республика елордасы – Нұр-Сұлтан қаласында әлемдік және дәстүрлі діндер форумын өткізу бастамасын көтерді.

Мәдени және тарихи тұрғыдан алғанда, Қазақстанда ислам діні кең таралған. Ізбасарлар саны ел халқының шамамен 70 пайызын, ал христиан діні шамамен 26 пайызды құрайды. Азаматтардың арасында протестанттар, еврейлер, буддистер, католиктер және басқа діндердің өкілдері де бар. Атеистер көп емес, шамалас есептеулер бойынша Қазақстанның барлық тұрғындарының 3 пайызынан артық емес.

Елбасының пайымдауынша, әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары арасындағы сенім мен өзара түсіністікке негізделген диалог осы саладағы халықаралық ынтымақтастық үшін кең мүмкіндіктерге жол ашады және заманымыздың күш көрсету, экстремизм, терроризм сияқты келеңсіз құбылыстарын еңсеруге ықпал ететін болады. Съезд хронологиясы Астанада: 2003, 2006, 2009, 2012, 2015 және 2018 жылдары өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің алты съезіне ислам, христиан, иудаизм, буддизм, синтоизм, даосизм және өзге дәстүрлі діндер басшылары мен көрнекті өкілдері қатысты. Съездің диалогтық алаңдарында нәтижесінде дінаралық саммиттің бірлескен қорытынды құжаттары – әлем елдері азаматтары, халықтары мен үкіметтеріне бағытталған мәлімдемелер мен үндеулер қабылданған діни қауымдастықтың рухани жақындасуы бойынша қанық және сындарлы сұхбаттар өткізіліп тұрады.

Жалпы дін – адам тарихының үлкен тағылым-тәрбиесінің бірі және сарқылмас даналық көзі. Егемен ел болып қалыптасуымызда, мемлекетіміздің өсіп-өркендеуінде діннің алатын орны зор. Өйткені дін – имандылықтың, әділдіктің, сыпайылықтың, парасаттылықтың, көпшілдіктің, төзімділіктің кепілі. Діні, тілі жоқ халықтың болашағы жоқ.

Өйткені дін әдептілік қағидалары мен қоғам бірлігін, тәрбиелік жүйелерді қалыптастыруда елеулі рөл атқарады. Адам дінге сенген соң, өзгелерге жәбір көрсетуден, тәртіпсіздік жасаудан, ішімдік, есірткі секілді жаман әдеттерден бойын алыс ұстайды. Дінсіз қоғамда тәртіпсіздік пен қылмыс етек жаятындығы белгілі.

Дін қоғамның ең қажетті және негізгі тармағының бірі деп есептеймін. Өзіміз өмір сүріп отырған ортадан дінді бөліп қарау әсте мүмкін емес. Ал жүрегінде қорқынышы болмаған адамдар – ең қорқынышты орта, қорқынышты қоғам. Асылы текті бабамыздың «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деуі де сондықтан. Осы мәтелдің астарында үлкен мән жатқанын ұғынуымыз керек.

**Темірлан СОВЕТОВ**

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІ ЖАЙЛАҒАН ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ АҒЫМДАРҒА ҚАРСЫ ТҰРУДЫҢ ТЕТІКТЕРІ

Қазіргі кезде ғылым мен технологиялардың, әсіресе ақпараттық кеңістіктің ерекше дамып келе жатқаны қоғам үшін біршама залалы мен шешімі қиын күрделі мәселелердің шығуына алып келді. Бұқаралық ақпарат құралдары жаһанға жаңалықтарды жеткізіп қана қоймай, қазіргі дәстүрлі емес діни ағымдардың адам санасын жаулаудағы негізгі құралына айналып отыр. Интернет желісін қолданатындардың белсенділігі өз кезеңінде өте ерекше байқалуда. Өкінішке қарай, осы әлеуметтік желіні белсенді қолданатындардың арасында деструктивті діни ағымдардың жетегінде жол табамын деп, керісінше, шырмалып кетіп жатқандары – әлемді толғандырып отырған үлкен мәселе.

Деструктивті діни ағымдар әлеуметтік желіні өте тиімді қолданып, өздерінің аудио, видеожазбаларымен, лекцияларымен, кітаптарын әлеуметтік желілерге белсенді түрде жариялап, жастардың саналарын оңай жаулауда. Бастапқыда исламға жай ақпарат беретін қарапайым сайт негізінде жұмыс жасауы мүмкін. Ашықтан-ашық идеологияларын бірден насихаттамай, саналарына ақырындап ақпарат беруден бастайды. Негізінде, олардың бұл әрекеттерінің астарында халықтың дәстүрлі құндылығын жойып, мұсылмандарды ыдыратудың саясаты жатыр. Олардың заманауи ақпараттық қосымшаларды әлеуметтік желілерге кәсіби түрде қолданулары әсер етуде. Осының салдарынан жастарымыз Отанға деген сүйіспеншілік сезімі суып, этикалық нормалары, жеке құндылықтары ыдырап, қоғамға деген қаупін сейілтер емес. Нәтижесінде желі қолданушылар арасында мемлекеттік жүйені ыдыратып, заңды мойындамау фактілерін жиі кездестіруге болады.

Жастардың көбінде өз алдына асығыс шешім қабылдап, көпшілік не айтса, соған еріп кетуге бейім тұратынын білеміз. Ақпараттарды жеткілікті түрде саралап алмай жатып, деструктивті діни ағымдардың қатарына тез қосылып кетуінің себебін қысқаша қарастырып көрелік. Негізі, адамның депрессияға түсіп айналасынан, қоршаған ортадан жылулық іздеуіне отбасылық қайшылықтар әсер етеді. Әйтпесе ешбір адам себепсізден жалғыздық күйіне түспейді. Оның өміріне бірінші әсер ететін – ата-анасы, ортасы. Қазіргі кезде көп ата-аналар мен жасөспірімдер арасында толыққанды диалог жоқ. Ата-аналар балаға не қажет екенін, ол әлеуметтік желілерде қандай ақпараттар қарап отырғанынан, кіммен сөйлесетінінен хабарсыз. Ата-анадан жылулық жетіспейтіндер, әрине, сырттан қолдау іздей бастайды.

Деструктивті діни ағымға еріп бастаған жастар көңілге жағымды ортамен қауышады. Өзін таңдаулы, осы ағымның идеологиясын тарату өмірлік миссиясы, парызы ретінде сезіне бастайды. Сәйкесінше, біршама социологиялық статистикалардың нәтижелеріне сүйенсек, жастардың 70 пайызға жуығы өздерінің алғашқы діни сауаттарын әлеуметтік желі арқылы алатыны анықталған. Деструктивті діни ағымның жетегіне кететіндердің 88 пайызына осы әлеуметтік желі тікелей әсер етіп отыр. Жастарымызды деструктивті діни ағымдардан қалай қорғауға болады деген мәселеге келсек, біріншіден, біздің жастарымыздың діни сауаты салыстырмалы түрде өте төмен. Сәйкесінше, біз жастарға қауіптің қайдан пайда болып жатқандығын, ол қауіп неден, қалай келетінін барынша түсіндіруіміз қажет. Жастар өздігінен аталмыш деструктивті діни ағымдардың дұрыс емес екендігін, олардың қауіпті екендігін саналы түрде түсіне алулары керек. Сонымен қатар, оларға әсер ететін негізгі факторлар, жастарда рухани, қазақи, дәстүрлі иммунитеттің қалыптасуы. Халықтың салт-дәстүрін, тарихын, мәдениетін жеткізу жастарды деструктивті діни ағымдардың құрсауынан құтқаратын бірден-бір фактор болар еді. Біздің қоғамымыздың шала сауаттылығы да, арнайы діни білімнің болмауы теріс діни ағымдардың ықпалына түсуге мүмкіншілік береді.

Діни бағыттардағы ақпараттарды әлеуметтік желілерден алу аса сақтықты қажет етеді. Әлеуметтік желі – ақпараттың қайнар көзі. Дей тұрғанмен сол ақпараттарды саралап, тексерілген ресми діни сайттардан қарау қауіпсіздігіміздің бірден-бір кепілі болмақ.

**Аружан СҰЛТАНАХМЕТ,**
**Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті дінтану кафедрасының 4-курс студенті**

---

Су тасқыны табиғат күші іс-әрекетінің нәтижесінде бірқатар құрлықтың маңызды бөлігі уақытша сумен басылады.

Бұл құбылыстар:

– гидротехникалық құрылыстардан су ағызу;

– қардың тез еруі, мұз кептелісінің пайда болуы;

– мол ұзақ немесе қысқа уақытты, бірақ өте қарқынды жауын-шашын;

– үлкен өзендерден жағалауларға және өзен құйылыстарына күшті қума жел немесе судың көтерілуі нәтижесінде болуы мүмкін.

Су тасқынын (тасқынды) болжауға, яғни алдын алу шараларын қабылдауға болады. Ықтимал су тасқыны туралы болжамды алғаннан кейін мүмкін болатын су тасқыны туралы сирена, радио және теледидар арқылы хабар тарату, басқа мүмкіндік беретін құралдардың көмегімен халықты құлақтандыру жүзеге асырылады.

Су тасқыны (су басу) қаупі туралы ескерту алған соң, жақындарыңызға, көршілеріңізге хабарлаңыз, қарттарға және ауру адамдарға көмек көрсетіңіз. Ақпаратта су басу уақыты және шекаралары туралы тұрғындарға мақсатты және эвакуациялау жүргізу тәртібі туралы ұсыныстар хабарланатын болады.

Эвакуация жасау алдында өз үйіңізді сақтау үшін:

– газ, электр, су көздерін ажырату;

– пештегі отты сөндіру;

– бағалы заттар және мүлікті ғимараттың жоғарғы қабатына (шатырдың астына) көтеру;

– терезе мен есіктерді жабу, қажет болған жағдайда бірінші қабаттағы терезелер мен есіктерді тақтайлар немесе фанерамен шегелеп тастау керек.

Эвакуация басталу туралы хабар алған кезде тез жинап өзіңізбен бірге:

– құжаттарыңызды (герметикалық бума), құнды заттар, дәрі-дәрмек;

– маусым бойынша киім және аяқ киім жинағын;

– бірнеше күнге азық-түлік қорын алуыңыз қажет, содан кейін қауіпсіз ауданға жіберу үшін хабарланған эвакуациялау пунктіне барыңыз.

Күтпеген жерден су тасқыны, егер ауылда немесе жеке секторда су басу орын алған жағдайда барынша тез арада малдарды су басу аймағынан қауіпсіз алыс жерге көшіру қажет. Қауіпсіз биік жақындау жерге шығып, су бойынша ұйымдасып көшуге дайын болыңыз. Сумен қатынасы кесілген және көмек қажет ететін адамдарды құтқарушылардың уақытында табуына мүмкіндік беретін шаралар қабылдау қажет:

а) күн жарық уақытта – биік жерге мата іліп қою;

ә) қараңғы уақытта – жарық сигналдарын беру.

Егер су далада, орманда тап болса, жоғары жерге шығу, егер ондай орын болмаса, ағашқа шығу қажет. Адамды суда ұстайтын барлық заттар (ағаш, тақтай, ағаш есіктер, бөшкелер, автомобиль шиналарын және т. б.) қолданылады.

Есіңізде сақтаңыз! Су басқан жерлерде су тиген азық-түлікті, қайнамаған суды ішуге болмайды. Қандай жағдай болмаса да сабыр сақтаңыз, үрейге бой алдырмаңыз, тез, бірақ әбігерленбей және батыл іс-қимыл жасаңыз!

**Б.ОРАЗХАН,**
**Алматы ауданы ТЖБ бас маманы**

# ХАС СҰЛУДЫҢ КӨЗ ЖАСЫНДАЙ МӨЛДІР ӨНЕР

**Бүгін – Халықаралық театр күні. Иә, мәдениет пен руханият әлемін театрсыз елестете алмайсыз, елестету де мүмкін емес. Онда өнердің бір бүйірі олқысынып тұрар еді. «Театр» деген сөздің өзі адамға рух береді. Аса көрнекті жазушы Ғабит Мүсірепов «Театр – хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер» деп бағалапты.**

azamat_79@bk.ru

**Азамат ЕСЕНЖОЛ**

Тарихқа зер салсақ, қазақтың тұңғыш кәсіби театрының шымылдығы 1926 жылы 13 қаңтарда Қызылорда қаласында ашылған. Оның алғашқы сахнасында Қ.Кемеңгерұлының «Алтын сақинасы» мен М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасы қойылыпты. Тұңғыш театрдың шаңырағын халқымыздың арасынан шыққан Серке Қожамқұлов, Қалибек Қуанышбаев, Елубай Өмірзақов, Қапан Бадыров, Құрманбек Жандарбек секілді тума таланттар тік көтеріп әкетті. Міне, содан бері де бір ғасырға жуық уақыт сырғып өтті. Қазіргі қазақ театрын әлемнің кез келген еліндегі театрмен салыстыра аласыз, тіпті олардың кейбіреуінен өнері асып түсуі де мүмкін. Театр туралы айтқанда әртістерге тоқталмай кете алмайсыз. Театрдың жаны да, ары да – актерлер. Олардың жан алып, жан беріп жасап жүрген рөлдері – халықтың көз алдында.

Азаттық алғаннан кейін ұлттық театр өнеріне жаңаша леп, соны өзгеріс келді. Алдымен әр облыс орталығынан қазақ театрлары ашылды. Қазір оның саны біразға жетіп қалды. Әсіресе еліміздің бас ордасында театрлар саны да бір қауым. Қаладағы әр театрдың өз бағыты, өз көрермені бар. Былтыр жыл соңына таман өткен ғасырдың соңғы ширегінде іргесі қаланған елордадағы Қалибек Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театры Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей бастамасымен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен сәулеті мен әсемдігі үйлескен жаңа ғиматратқа көшті. Бұл қуанышты күнді театр ұжымы ғана емес, шаһар тұрғындары да көптен күткен еді. Аталған өнер ордасының XXX маусымашары жаңа ғимаратта заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің «Абай» трагедиясының жаңа нұсқасымен ашылды.

Сонымен бірге өткен жылы астанада Музыкалық жас көрермен театры есік ашты. Елорданың мәдени өміріне мазмұнды мәнерімен қосылған өнер ордасы жас ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды дарытып, отандық және әлемдік музыкалық қойылымдарды сахналау арқылы балалар мен жасөспірімдердің мәдени-эстетикалық әлемін, таным-тағылымын, шығармашылық әлеуетін жетілдіруге бағытталған. Жаңа театрда Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, 71-Канн халықаралық кинофестивалінің жеңімпазы Самал Еслямова, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаттары Аян Өтепберген, Асылхан Төлепов, Әділхан Макин және Расул Усманов секілді дарынды жастар өнер көрсетеді. Өнер ордасы алғашқы маусымын ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің «Абай-Тоғжан» музыкалық драмасымен ашты. Жұртшылық ықыласына бөленген Жастар театры да Абай атамыздың айтулы мерейтойына байланысты ақын-драматург Жұманазар Сомжүректің «Көзімнің қарасы» атты музыкалық драмасын сахналады. М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры да тұғырлы туындыларымен көрермендерді тәнті етті.

Сондай-ақ Nomad City Hall театрына Қазақстанның Халық қаһарманы, аса көрнекті режиссер Әзірбайжан Мәмбетовтің есімі берілді. Былтыр індетке қарамастан елорда театрлары жұмысын бір сәт тоқтатқан емес. Мәселен, «Астана Опера» театрының талантты өнерпаздары көрермендерге онлайн форматта бірнеше музыкалық бағдарламалар ұсынды, соның ішінде Г.Доницеттидің «Махаббат сусыны» операсының премьерасын ерекше айтуға болады. «Астана Балет» театрында алғаш рет «Сұлтан Бейбарыс» қойылымы қойылды. Мұнда қазақ жерінде туып, жаугершілік заманында тұтқынға алынып, жат елде ерен ерлігімен, асқан талантымен құлдықтан қайраткерлік жолға дейін көтеріліп, Мысыр мен Сирияның мәмлүк сұлтаны болған Бейбарыс бабамыздың тағдыры бейнеленген. Жаңа шығарманың либреттосын ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бақыт Қайырбеков жазса, Хамит Шанғалиев пен Әлібек Әлпиев музыкамен әрлеген. Сонымен бірге Қуыршақ театры кішкентайларға арнап тамаша ертегілерін тарту етті.



## ЖЕЛІДЕН ЖАЛҚЫ ЖЫР

**Жұлдыз МОЛДАҒАЛИЕВА**

Сағат тілі – жиырма елу бір (20:51).
Тірімін,
Мен ғасырдың шықпай қалған үнімін.
Жаны жалғыз адамдарды аяймын,
Қатты аяймын. Мен де соның бірімін.

Мезеттерден жалығамын тек кейбір,
Мен ол үшін Жаратқанды сөкпеймін.
...Төлегеннің сағынышы жетпей жүр...
...Ботпановтың жалғыздығы жетпей жүр...

Тыңдадық па тілім еттің кеңесін?!
Басқа салса бәріне де көнесің.
Тым ертелеу түсіндім бе бұл өмір –
Әжем айтқан ертегідей емесін.

Өткен көктем неге мені мұңайтты?
Адамдар аз шын күлетін, жылайтын.
Күнді нұрын шашады деп кім айтты?
Сырыңды ай сақтайды деп кім айтты?

Өткен күнге оралмаймыз. Қайтпаймыз.
Өткен күннен тек естелік сақтаймыз.
Кейде айқайлап жылағымыз келеді.
Ол туралы ештеңе де айтпаймыз...

Сағат тілі – жиырма бір (21:00). Тірісіз.
Сіз ғасырдың жазылмаған жырысыз.
Жаны жалғыз адамдарды аяйсыз.
Қатты аяйсыз. Сіз де соның бірісіз.

# ТАРИХИ КИНОҒА ТАБИҒИ КЕЛБЕТ КЕРЕК



ray77781@mail.ru

**Райхан РАХМЕТОВА**

**2019 жылы жалпыұлттық кинопрокатқа шыққан Ақан Сатаевтың «Томирис» фильмі жаққан жұлдыздардың бірі – жас әнші, актриса Салтанат Серкебаева. Бұрын-соңды кино әлеміне бейтаныс жаңа есім Томирис образына келбетінің келуі мен табиғи сұлулығы және бойындағы талантының арқасында рөлге алынып, премьерадан кейінгі таңда танымал болып оянды.**

Ұлы даланың аты аңызға айналған ханшайымы Тұмардың нәзік жан бола тұра, ер мінезі мен ұрыс қимылдарын еркін меңгергендігін көрсете бастайтын 15 жастағы жасөспірім шағын сомдаған Салтанат тарихи киноға кастинг өткізілгелі жатқанын 2017 жылы Instagram арқылы біледі. Сол жылы сәуір айында Еуразия ұлттық университетінде оқып жүргенде достары кастинг туралы постерлерді жіберіп, қатысып көруге ұсыныс тастайды. Кастинг елордада «Жастар» театрында өте ауқымды болып өтті. Таңғы 8-ден кешке дейін созылған сынаққа көп адам келіп қатысты. Жалпы кастинг 4 кезеңге бөлініп өткізілді. Елордада болған бірінші кезеңінде үміткерлердің органикасы, яғни әртүрлі эмоцияларды көрсете алу қабілеті тексерілді. Қуаныш, қайғы, ыза, мұң, махаббат, жылау, т. б. эмоцияны көрсетуге тапсырмалар берілді. Соның бәрі фото, видеоға түсірілді. Алматыда өткен екінші кезеңінде үлкен Томиристі бекітіп болғаннан кейін жас Томириске кезек келді. Соңында қалған екі үміткерден кастинг ұйымдастырушылар Салтанатты таңдап алды. Оған студент қыздың сұлулығымен қоса шашының ұзындығы және қасының жұлынбағандығы, боялмағандығы пайдасын тигізді.

Сақ патшайымы Тұмардың 15 жасар кезін 20 жасар Салтанат ойнады. Бұл – бала кезінен ержүрек Сақ ханшайымының жастық жігері жалындап, әкесі мен тайпасын азғындықпен өлтірген жауларынан кек алуды көксей бастаған кезі. Осындай тарихи кейіпкердің бейнесін дөп басып көрсету де оңай емес. Бірақ бұл жағынан келгенде бала кезінен экстремалды ойындарды жақсы көріп, мектепте әскери-патриоттық шараларға қатысып өскен кейіпкеріміз аса қорқа қоймапты. 8-сыныптан бастап автоматты шашып, қайта жинауды үйренгені тағы бар. Жасынан тәуекелшіл қыз туған қаласы Сәтбаевта мектеп қабырғасында 9-сыныпта жүрген кезде «ОК бағдарламасы» деген сериалға алғаш рет қатысып, өз бағын актриса ретінде сынап көреді. Ол қысқаметражды сериал болатын. Ал «Томирис» сияқты киноға түсуді армандаған да емес. Тек қазір оған түскеннен кейін көптеген жаңа армандар пайда болып жатыр.



«Фильмде Бурабайдағы ормандар арасында басталатын трюктердің бәрін өзім жасадым. Әрине, бұған «Номад каскадерлер клубы» көмектесті, олар бізді Алматыда 2 ай дайындады. Алғаш рет атқа отыруды, шабуды, қылыштасуды, садақ атуды сол жерде үйрендім. Атқа шапқанда қатты қорқыныш болды, бірақ кинода бәрі де білінбей, әдемі көрсетілді» дейді жас актриса.

«Киноның бас жағында ойнаймын, сценарий бойынша мен түскен бөлігі 20-25 минутты құрайды. Фильм көне түрік тілінде түсірілді. Сценарий жаттау кезінде қиындық болған жоқ. Тек түсірілім алаңында сол мәтінді айту, еркін сөйлеуде қиын болды. Себебі күнделікті сөйлеп жүрген тіліміз емес, нақты бір мәтін береді, соны жаттап қана айту керек, басқа импровизация жасай алмайсың» дейді Салтанат сол қызықты сәттерді қимай еске алып.

Актрисалық қырынан бұрын әншілігімен үш жасынан бастап танылған ол жоғары білімді «биотехнология» мамандығы бойынша оқыды. Анасы бала кезінен қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі түрлі жарыстарға ертіп апаратын. 9-сыныптан кейін Алматыдағы музыкалық колледжге оқуға түскісі келді. Бірақ ол колледжге 17 жастан бастап қана қабылдайды екен. Сосын ол 11-сыныпты аяқтаған соң стоматолог боламын деп биология пәнін таңдап, университетке түсуге дайындалды. ҰБТ-дан да жақсы ұпай жинады, бірақ тағдырдың маңдайға жазғаны болады екен, елордадағы ЕҰУ-ді 2015-2019 жылдары «биотехнология» деген мамандық бойынша оқып, тәмамдады.

«Назар» тобында үш жыл жұмыс істеп, кинодан кейін жеке әнші болуды қаладым. Бүгінде әншілік өнерім елордадағы Мемлекеттік академиялық филармонияда жалғасып жатыр» дейді ол. Салтанат сол кинодан кейін «Қазақстан» ұлттық арнасы түсірген «Менің мектебім» сериалында басты рөлді сомдады. Кинода түлеп ұшқан мектебіне мұғалім болып оралған Арайлым бойжеткеннің өмірі шым-шытырық оқиғаға толы болды. 20 сериядан тұратын сериал былтыр карантин жеңілдетілген кезде түсірілді. Түсіру барысында қиындықтар өте көп болды, тіпті «Томиристі» түсіргеннен де қиынырақ болыпты.

Індет келген жылдың ол үшін басты ерекшелігі – Сұлтан есімді сері жігітпен отау құрып, ақ келін атанғандығы. Ең қызығы, жолдасы алғаш үйлену туралы ұсынысын елордадағы Ботаникалық бақта білдіріпті. Бас қаланы махаббаттарының куәсі санайтын ол өмірлік серігін өзі оқыған университет қабырғасында кездестірді.

# ЖЕҢІС АЛҒА ЖЕТЕЛЕДІ

**«Астана Опера» симфониялық оркестрінің музыканттары, дәлірек айтқанда, танымал «Astrobones» квартетінің мүшелері Фархад Болатов, Алмас Сағымбаев, Альбина Өтегенова және Ерасыл Әмешов GRAND MUSIC ART бейнежазбалары бойынша музыканттар арасындағы X үлкен халықаралық байқауда топ жарып, бірінші жүлдеге қол жеткізді.**



Халықаралық байқауға 200 қаладан 2760 музыкант қатысып, бақ сынады. Олардың өнерін Ресей және басқа да шет мемлекеттердің жетекші музыканттары сарапқа салды. Әсіресе «Үрмелі және соқпалы аспаптар» аталымында өнерпаздардың талантын Мәскеу консерваториясының доценті, Ресей мемлекеттік академиялық Үлкен театры оркестрінің солисі Алексей Корнильев, Ресей мемлекеттік академиялық Үлкен театры оркестрінің кларнеттер тобының концертмейстер-солисі Сергей Петров және Мәскеу консерваториясының профессоры, Шнитке атындағы МММИ профессоры, Ресей мемлекеттік академиялық Үлкен театры оркестрінің солисі Эркин Юсупов бағалады.

– Әрине, біз үшін күтпеген оқиға болды. Бұл жолы біз жаңа құраммен шықтық, ептеп қобалжысақ та, өнерімізді лайықты көрсете білдік. Және жеңіске Наурыз мерекесі қарсаңында қол жеткізгеніміз қуанышымызды еселей түсті. Мұндай халықаралық деңгейдегі байқаулар музыканттарға күрделі жаңа шығармаларды әзірлеуге мүмкіндік береді. Бұл жеңіс бізге үлкен шабыт берді, алға жетеледі. Енді жиі концерттер мен түрлі қызықты бағдарламалар дайындауды жобалап отырмыз. Алдағы уақытта Ресейде концерт берсек дейміз. Сонымен бірге қазіргі эпидемиологиялық ахуал мүмкіндік берсе, онда біз өз өнерімізді Өзбекстанға да ұсынатын боламыз, – деп атап өтті квартеттің жетекшісі Фархад Болатов.

Айта кетейік, GRAND MUSIC ART байқауы бейнежазбалар бойынша өтті. Халықаралық байқауға қашықтан қатысу орындаушыларға заманауи жағдайда жаңа мүмкіндіктер ашты, географиялық бөгеулерді еңсеруге мүмкіндік берді, басты мақсат дарынды өнерпаздардың шеберлігі мен кәсібилігін зерттеуге қол жеткізді.

www.astana-akshamy.kz

**Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.**

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Ержан ЖҮНІСОВ**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Апталық таралымы – 15 000

**Тапсырыс №34-35**

Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Сілеті көшесі, 30. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

**Редакция мекенжайы:**
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК
astana.aqsham@gmail.com

**Қабылдау бөлмесі:**
тел./факс: +7 (7172) 703-212
Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17
Үйлестіруші: 70-33-05
Жарнама: 70-33-06

**astana.akshamy@mail.ru**

Кезекші редактор – **Н.НҰРАЛЫҚЫЗЫ**